
Сымайл

керей шежіресі

В дар
обществу библиофилов
от издателя и
автора





Қуаныш СҰЛТАН

Сымайл

КЕРЕЙ ШЕЖІРЕСІ

ҚЫЗЫЛЖАР-2022 ЖЫЛ

Бул өзбекче:

Ақыл-кузеғай болғыла
Әкем-жолын шадай қылғыл

Әкем-сүйгән кузеғай ғилм
Ғам-ғайғы бирла қолғыл

Ғарағашдға ошрлық келса
Ғушайыш зор курмасмен
Ғрғайғыл

Ғшоо

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл жұмыс 2008 жылы Сақал керей шежіресінен бастау алып, ізденіс барысында жиған-терген мәліметтермен молайып, шежіре тарихы деңгейіне жетіп отыр. Мұнда түркі тілдес көшпенді халықтың ұлт болып қалыптасып, Қазақ хандығын құрған тарихы көрсетілді.

Сонымен бірге керей тайпасының шыққан тегі, көшіп-қонып жүріп, өз алдына ұлыс болғаны және басқа да қазақ рутайпалары жайында көптеген мағлұматтар беріледі.

Кітаптың негізгі тақырыбы – Сымаил керей және оның ұрпақтары болғандықтан, олардың өсіп-өнген жері, Сібір хандығында атқарған беделді қызметтері, өз алдына аймақ құрып жүргізген саясаты және елін, жерін қорғаған батырлары, сөзін сөйлеген би-болыстары, дін жолында жүрген адамдары туралы да сөз қозғалып, елге әйгілі, атақты азаматтарының өмір жолдары суреттеледі.

1853 жылы өткізген санақ тізіміне іліккен 1 738 үйде қанша адам, қандай мал болғанын оқып білесіздер, мүмкін соның ішінде өз ата-бабаларыңыздың да аттары бар шығар. Ең маңыздысы, 11 843 адамның есімі көрсетіліп, 15 атасы тікелей жалғасқан Сымаил керейдің алғашқы ата-тек шежіресімен танысасыздар.

Кітаптың соңғы бөлімі қазақтың ұлттық болмысы, құндылықтарымен жалғасып, мақал-мәтел, қара өлеңмен аяқталады. Қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, ата-тегін білгісі келетіндерге бұл кітаптың берері мол.

Оқып-тоқығаныңды, естіп-көргеніңді жазып, елдің алдына салудың артықшылығы жоқ шығар, кейінгілер дұрысын алып, іске асырып, қатесін түзетіп, жалғастырып отырса, оның да айыбы болмас.

Сымаил шежіресін тарқатуға сүбелі үлесін қосқандар: Молдақан Теміртасұлына (1932 ж.т.) Омбы қ., Әміржан Нұрахметұлына (1936 ж.т.) Степногорск қ., Қайролла Жармұқанұлына (1938 ж.т.) Астана қ., Хабиболла Жақсылықұлына

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск
569309

(1935 ж.т.) Қызылжар қ., Серікбай Бәриұлына (Хұсаинов 1937 ж.т.) Қызылжар қ., аталас қарындасым, ғылым докторы, Есмағамбет бидің немересі Зухра Нұрланқызына (1950 ж.т.) Алматы қ.

Мені көріп-білмесе де, пошта, телефон арқылы сұрақтарыма жауаптарын қайтарып, білгенімен бөліскен (өйтпесек, қазақ боламыз ба?!) Жасқайрат қажы Арынғазинге (1940 ж.т.) Алқатерек СҚО, Әнуарбек Молдашұлына (1947 ж.т.) Алматы, Амангелді Ғарифоллаұлына (1957 ж.т.) Алматы, Базарбек Мұхамедияръұлына (1957 ж.т.) Жеті үй СҚО, Мұратбек Шәріпбайұлына (1951 ж.т.) Шапай СҚО, Азамат Нәсіръұлына (1979 ж.т.) Талшық СКО, Дәуіт Ғелманұлына Ленинградқа СКО, Жанат Әменұлына Ұялы Ақжар ауданы СҚО, Шахеризада Сейілбекқызына (Көкшетау), Құрманбек Жұмабекұлына (Көкшетау), немерем Садирова Айя Серикқызына (Астана) және аттары аталмай қалған азаматтарға, баршаңызға ризашылығымды білдіріп, алғыс айтамын, жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын!

Автор

Тірі ғалам

Қазақ халқының
және Тарихи Мен
Тор шежіресі



Атамыз – Алаш,

Атымыз – қазақ,

Үш жүздің ұрпағымыз!

деп қазақтың байырғы заманнан айтып келе жатқан киелі сөзінің мағынасы мен шығу барысын зерттеген көптеген түркітанушы ғалымдар мен жазушылардың (солардың ішінде Абай атамыз да бар) пікір-болжамдары, халық аңыздары, бәрі бір жерден шықпай, әрқайсысы әр түрлі тұжырымдармен жасалғаны байқалады. Сондықтан солардың арасынан бір-біріне сәйкес, бір бағытта өрбіген, қисынға жақын келетін мәліметтердің негізімен сіздерді таныстырайын деген ниеттемін.

«АТАМЫЗ – АЛАШ»

Ерте заманда «Алаш» сөзі жалпы қазақ қауымының ұраны болған. Қазақтың ескі шежірелерінде «Алаш», «Қазақ» атауының баламасы ретінде қолданылып, ел арасында кең таралған. Алаш туралы аңыздар да көп, солардың бірі – Құрманғали Халидтың (1910 ж.) «Тауарих хамса» кітабының 221 бетінде жазылған әңгімесінде «Алынша хан кезінде «Мен пәленшенің нәсілімін» деп айтуға тыйым салынып, кім хан болса, оның қауымы «Мен пәленше ханның әулетімін», – деуге бұйрық шығарған, себебі бір ханға ерген халық «Мен пәлен нәсілденмін» деп бөлектеніп, араларында түрлі келіспеушілік туады делінген. Бұл оларға біраз заман өткесін балаларын, нәсілін ұмыттырып, тек аты ғана есте қалатындай әрекет еді. «Алынша хан әулетіміз» деп Огуз ханға дейін айтып келген», – деп баяндалады.

Огуз хан болса, Сырдарияның төменгі сағасында IX-X ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының аңызға айналған атасы. Осы мәліметтерден Алаша ханның қай заманда, қай өңірде хандық құрғанын байқауға болады. Тағы бір аңызда Алаша хан VI-VII ғасырлардың маңайында көшпелі тайпалардың басын біріктіріп, байтақ далада тұңғыш мемлекет құрған атақты адам деп мәлімдеген. Осы аңыздарға қарағанда қазақ халқының «Атамыз Алаш» деп айтуға негізі бар екені байқалады.

«АТЫМЫЗ – ҚАЗАҚ»

Бұл атаудың шығу төркінін, оның алғашқы мағыналары жайында, одан даму барысында бүгінгі дәрежесіне қалай жеткендерін тарихи деректерден, ертедегі ғалымдардың зерттеп жазған мәліметтерінен оқып-біліп, тұжырымдама жасауға болады.

Әлемге әйгілі ғалым Б. Грозный (1879-1912) қазақтар туралы жазған еңбегінде – «касахи» біздің заманымыздан бұрын Каспий теңізінің батысында тұратын «Һұн» тайпасы дейді. Ал «касахи» сөзінің түбірі «кас» дей келе, «косек», «козег» сөздерінің түбірі де содан алынған, «капкас» (кавказ) Каспий бәрі бір түбірден деп болжамдайды.

Жунгоның (Қытайдың) II ғасырдағы тарихи деректерінде «Арал және Каспий теңізінің төңірегінде «Хаса», «Қаса» деп аталған елдердің бар екені жазылған.

Парсы және грек авторларының (б.з.б) VII-IV ғасырларда жазған деректерінде: Орта Азия өңірін мекендеген сақ тайпаларының арасында массагет, исседон, сармат және тағы басқаларымен бірге «каспи» тайпасы да аталып, оларды Каспий теңізінің шығыс жағалауын мекендеген» деп көрсетеді.

Осы жобада өрбіген басқа да мәліметтерді кездестіруге болады. Қорытындылай келгенде, «қазақ» сөзінің түбірі «қас» тайпасы атауымен тікелей байланысты екені қисынға келетін сияқты. Осы «қас» тайпасының атауы заман өте қандай өзгерістерге ұшырағанын ерте заманнан тасқа қашалып, қағазға басылып, ел жадында жүрген мәліметтерден оқып білсек...

Моңғолияның «Бабалар шежіресінде»: «Хасат» сөзі онынші ғасырдан бастау алады. Онда ерте кезде моңғолдар көшіп жүргендерді «қасақтар» деп атаған екен. Орыстың «Повесть временных лет» деген жылнамасында: «928 жылы орыс князі Святославтың Кубань өзендерінің оңтүстігіндегі «касактарға» әскери жорық жасап, оларды жеңгендері баяндалған.

Атақты ғалым А.М. Бернштам «қазақ» терминінің шығу тегін тым ерте заманға апарып тіреген. Ол ғалымдардың пайымдауын талдай келе, «қазақ» сөзінің шығу төркіні мен қазіргі мағынасын

екі дәуірге бөле қарайды. Яғни, «қазақ» деген сөздің түп-тамыры ежелгі замандағы «каспи» не «кас» және «сак» тайпасының аты мен бірігуінен пайда болған дей келе, «қазақ» сөзінің қазіргі мағынасы (еркін адам, батыр т. б.) дегендері кейінгі шыққан ұғым», – деп тұжырымдайды. Осы ұғым келешекте «қазақ» деген сөзді үлкен дәрежеге жеткізуге себеп болады.

Ал енді осы «қазақ» сөзінің кейінгі маңызды мағынасы қалай пайда болып, қалай дамығанына тоқталсақ. «Қазақ» аты көптеген мәліметтерде Кавказдағы (капкас) түркі тайпалары құрамында алтыншы ғасырдан бастап жалпы есім, термин ретінде кездеседі. Кейін оныншы ғасырлар маңайында «қазақ» деп аталған тайпалардың аты алыс-жақын елдерге кеңінен таралады.

Орта Азия тарихшысы Розбехан қазақ тайпасын «Бұл кездегі «қазақтар» өзінің жойқын ерлігімен, алып күшімен барлық елде даңқты болды. Олардың қайтпайтын ержүрек мінезі, арабтарда ашық жазылған», – дейді. Осындай өжет те, батырлық қабілеттерімен даңқы шығып, «қазақ» аты белгілі бір мәнге ие болып, батыр, ержүрек, еркіндер деген мағынада халықтың сана-сезіміне сіңіп, күнделікті өмірде «қазақ» деген сөз ерліктің нышаны ретінде қолданысқа ие болады.

Түркия тарихшысы Зәки Уәли: «Қазақ» деген ат алғашында сұлтандарға ғана тән еді («Батыр» деген атақты кім өзіне жапсырмаған). Кейін оларға қатысты тайпалардың және олар құрған хандықтардың атына айналып, басқа елдерге, аймақтарға жайылған», – деп мәлімдейді.

Көптеген жазбаларда, Сібір халықтарының ескі тілінде «қазақ» деген сөз «мықты, алып, еркін» деген мағынада қолданылған. Орал, Алтай, Кавказ, тағы басқа тілдер тобында «ер», «батыр» деген мағынаны білдіретіні дәлелденген.

VIII ғасырда да Янисей (Енесей) ескерткішінде де Орхон әрпімен тасқа ойылған «Қазғақоғлым» деген сөздің мағынасы «алып ұлым, батыр ұлым» деп оқылады.

Ш. Уәлиханов «Шайбанинамада»: «Қазақ» аты қадірлі сөз, мықты, күшті, шабытты білдіреді, Европа тілінде ондай ұғымды «Рыцарь» деп атаған дейді.

Орыстың 928 жылғы жылнамаларында «касактар» деп жазылған сөзді 300 жыл өткеннен кейін орыстың кейінгі шежірешісі Никонның мәліметінде: «Шыңғыстың әскерлері (1222 ж) «казактарды» бұлай атаған деп «казак» атымен көрсеткен. Никонның «казактар» деп айтып отырғаны сол жолғы моңғолдардың жорығына бөгет болған, сол маңайды мекендеген қаңлы, қыпшақ, байжігіт, аса және тағы да басқа ұлыстар еді.

Шығыс әдебиетінің атақты классиктерінің бірі Фердоуси (940-1020) өзінің «Шахнама» атты эпопеясында «қазақ», «Қазақ хандығы» деген ел көк теңізді (Арал теңізі) мекен етіп тұрған күшті және көп санды ел» деп жазғаны қазақтың оныншы ғасырда әлемге әйгілі ел болғанын көрсетеді.

Сонымен өздеріңіз оқып, байқағандай, «қазақ» атауының түпкі тамыры ежелгі заманда қазақ даласын мекендеген «қас» тайпасынан бастау алып, бүгінгі деңгейіне көтерілу барысында аумалы-төкпелі заманнан өтіп, жүрген ортасына, істеген әрекеттеріне байланысты аттары да, аттарының мағынасы да өзгерістерге ұшырап, оны да бойларына сіңіріп, бірте-бірте дамып, тайпалық, ру, одақ, хандық, халық атына айналып, одан ұлт атымен ғасырлардан ғасырларға өтіп, ақырында 1991 жылы «қазақ» сөзінің мағынасы өзінің жоғарғы дәрежесіне жетіп, егемен мемлекеттің атына айналды.

«ҮШ ЖҮЗДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ»

Махмуд Қашқаридың жазуында «жүз» түркі сөзін «күш», «топтасу», «бірігу» деген мағынада қолданған. Қ.С.Э (Қазақ совет энциклопедиясында) «жүз» –Қазақстан жерінде қалыптасқан ру-тайпалық бірлестіктер. Жүздер – көптеген түркі тілдес тайпалардың негізінде біртұтас қазақ халқының қалыптасуынан бұрынырақ пайда болған. Кейінірек сол халықтың жеке бөліктері есебінде бізге дейін жетті» деп мәлімдейді.

Түркі тайпалары бірігіп, жүздерге айналу барысы, біздің дәуірімізден үш ғасыр бұрын басталып, Батухан (1209-1256) заманында Ұлы, Орта, Кіші жүз болып, қалыптасуымен аяқталады.

Ру тайпалардың үш ірі одағы – Үш жүз қазақ халқының негізін құраған ұйытқылары болды.

Үйсін тайпасын ұйытқы еткен Ұлы жүз құрамында – үйсін, жалайыр, қаңлы, шанышқалы және тағы басқалары болды. Бұлар біздің жыл санауымызға дейінгі (б.ж.с.д) заманда Іле алқабын, Шу, Талас өзендерінің өңірі мен Сырдария бойын мекен еткен.

Орта жүз құрамына бұрынғы өздерінің жеке хандықтары болған – арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, керей, уақ (оңғыт) тайпалары кірді. Бұл одақтың негізі б.ж.с.д қыпшақ заманынан бастау алады. Олар Алтай тауы мен Ертіс, Есіл бойын, Жетісудің оңтүстігі мен қазіргі Орталық Қазақстанның Сарыарқа өңірін мекендеген тайпалар.

Алшын одағын ұйытқы еткен Кіші жүз құрамына: Алты ата Әлімұлы, 12 ата Байұлы, Жетіру тайпалары кірді. Бұлар Сырдарияның аяғы мен Арал теңізінің атырабында және Каспий теңізінің солтүстігінде қоныстанды. Бұл одақтың алғашқы негізі – осы өңірде ерте заманда өмір сүрген Аландар бірлестігі еді. Осы Үш жүздің құрамына кірген тайпалардың басым көпшілігінің шығу тегі, айналысқан кәсібі, тілі және мәдениеті жағынан бір-біріне жақын еді. Олар ұзақ уақыт бір аймақта аралас-құралас өмір сүрген Батыс Түрік қағанаты (VI-VII) (б.ғ.) кезінен бастап халық болып қалыптасқан. Әрине, қазақ жүздерінің құрамына кірген көптеген тайпалар мен рулардың саны да, олардың кірген уақыты мен шыққан жері, тегі бірдей болмаса да олар өздерін «Үш жүздің ұрпағымыз» деп санаған.

ШЕЖІРЕ

Зерттеушілердің пайымдауынша, шежіре «шау-жарат» деген арабтың сөзінен шыққан, «бұтақ», «тармақ» деген мағынаны білдіреді. Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген құштарлығы, өзінің түп-тамырын тереңінен таратқысы келетіні тым әріден келе жатқан ұмтылыс. Ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан әрбір отбасының, қазақ халқын құраған 200-ден астам ру-тайпалардың, жүздердің өз шежіресі болған.


Қазақ шежірелері негізінен ру-тайпа, ата-тек шежіресі болып екіге бөлінеді. Шежіре тарқатудың бұл екі түрінде бір-бірінен мазмұндық айырмашылық бар. Ру-тайпа шежіресінің құрамы ешқашан бірыңғай қандас туыстардан жасақталмаған, оларды ұдайы мақсат-мүдде ортақтастығы біріктіріп отырған. Ол сыртқы қауіптен бірігіп қорғанудың амалына негіз болған.

Ал ата-тек шежіресі болса, бір кіндіктен өрбіген ұрпақты таратуға арналады, мұндай шежірелер әдетте қандас туыстардан тізіледі. Олар қазақтың шежірешілік дәстүрінің негізі болып табылады. Бұл әдіс жүзге жатпайтын ру тайпаларға тән.

Ғалымдардың зерттеуінше, мұрағаттарда сақталған, одан басқа қағаз беттерінде жарияланған мыңға жуық шежірені салыстыра қарағанда, бәріне ортақ бір заңдылықты аңғаруға болады. Ол қазақтың ата-тек шежірелерінің XXI ғасырға дейін жазылған нұсқалар негізі 19-22 атамен (буынмен) шектелетіндігі. Сонымен ата мен атаның арасын орташа 30 жыл деп есептегенде, қазақтың ата-тек шежіресінің ғылыми тұрғыда дәлелденген 600 жылдан астам тарихы бар екенін көрсетеді. Ал енді осы уақытты кейін шегіндіретін болсақ, ата-тек шежіренің бастау алу кезеңі шамамен қазақ халқының басы бірігіп, өз алдына хандық құрып, қоныстанған аймақтары тұрақтана бастаған Жәнібектің (1342-1352 жылдары) хандық құрған заманына сәйкес келетіні байқалады.

Қазақтың ру-тайпа, ата-тек шежірелері шамамен XIV ғасырдан қағаз бетіне жазылып, ру басы, билердің, сұлтандардың, хандардың ордаларында сақталатын болады, өйткені ру-тайпалар бойынша басқарылып келген Қазақ хандығы сияқты елде шежірелерді білудің және жинаудың маңызы мен мәні болды. Көшпелі тайпаларды білу, олардан алым-салық жинау, арасынан әскери жасақ ұйымдастыру, ру-тайпалардың өріс-қонысын белгілеу, олардың арасында пайда болған дау-жанжалдарды шешу үшін хан, сұлтандар мен билердің шежіреге қанық болуы қажет еді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТӨР ШЕЖІРЕСІ



ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ НҰСҚАСЫ




Ұлы жұздің құрамындағы елдерді көбінесе «үйсін», «жалайыр», «қаңлы», «шанышқалы» деп атайды. Солардан тарағаң негізгі ру тайпалар. Үйсін тармағы – к.с.э алынған, Жалайыр тармағы – Ш. Уәлиханов нұсқасы. Қаңлы, шанышқалы тармақтары – М. Тынышпаевтың шежіресінен. Ұлы жүз бірлестігі Жетісу жерінде, Шу және Талас, Сыр, Іле өзендерінің алқаптарында көне заманнан бері қоныстанған. Ұрандары: «Қауға беріп қойға қой!». **Таңбасы – нәл.**



Орта жүз бірлестігі Сарыарқа өңірінде топтасқан.
Ұраны: «Қамшы ұстатып дауға қой».



Момын бұтағынан тараған ұрпақты – төрт сопы, яғни жеті момын дейді. Сопы ислам діні ұғымындағы сопы емес, Жунго (Қытай) жылнамаларында қарлықтардың (арғын) үш ұлысының бірі «сопы» деп аталған, арғындардың арасында сопы ұлысының аты сақталған. Қара, ақ, сары, таңбы деген аталмыштар кейін қосылған. XIII ғасырда Марко Поло (зерттеуші) Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп: «Бұл жерде Аргон (Арғын) дейтін ел бар, олар екі атаның араласуынан құралған. Ислам дінін қолданады, түрлері сымбатты, өздері ақылды, сауда істейді. Отырған жері Ертіс бойы, Шыңғыс тауы, Қарқаралы даласы, Аягөз, Алакөл төңірегі» – деп жазып кеткен.



569309

1911 жылы Орынборда баспадан шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресінен алынған нұсқасы.

Наймандар ерте кезде Ертіс пен Орхон өзені аралығын мекен еткен. Жан саны көп, күшті тайпалардың одағы ретінде жарыққа шыққан. Олар «сегіз оғыз» аталған. Лиау (Қытай) әулетінің жылнамаларында бұл тайпалар «найман» деген атпен көрсетіледі. Бұлар Солтүстік, Солтүстік Батыс және Батыс деп аталатын негізгі үш топқа бөлінеді. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, наймандардың Моңғолияда «Найман Сүме» атты әкімшілік сауда ордасы, «Ақ балық», «шам Балық» «кіші Талас» (кеми Таласа) деген үлкен қалалары болған. Наймандар ерте кезде Орхон жазуын, одан кейін көне ұйғыр жазуын қолданған. Тұтқынға түскен найман ханы Таянның бас уәзірі және хатшысы болған Тататонға, монғолдарға көне ұйғыр жазуын үйреткен. Наймандардың заманына сай мәдениеті болған.


Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск



Қыпшақтар қазақ халқының және қазақ тілінің қалыптасуына маңызды рөл атқарған. Олар орыс деректерінде «половцы» делінеді. Олар туралы мәліметтер А. Бернштамның айтуынша б.з.б. 201 жылдары «жунгоның» тарихи жазбаларында кездеседі. Қыпшақтар Ертіс өзенінің басымен Алтай тауларын мекендеген. VII ғасырда түркі қағанатының құрамында болған. Селенгі өзенінің бойындағы Мойышор құлпытасында 759 ж. Орхон жазуымен «Түрік қыпшақтар елу жыл үстемдік етті», – дегені олардың қағанатты басқарғанын білдіреді. Одан кейін X ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің билігі қыпшақтардың қолына көшеді. XI ғасырда қыпшақ бірлестігі көптеген түркі тілдес тайпалардың басын біріктіреді. Хандары қыпшақтың «Ұран» деген руынан шыққан. Қадір Бөкейханның кезінде қыпшақ бірлестігінің саяси орталығы Сыр бойындағы Сығанақ қаласы болды. Алтын орда хандықтарының жарлықтары және әдеби шығармалары қыпшақ тілінде жазылған. Қазақ тілінің бүгінгі түп нұсқасы қыпшақ тілінің дамуы негізінде қалыптасқан.




Қоңыраттар туралы деректер жунго (қытай) жылнамаларында XII ғасырдан бастап кездеседі. Олар Жорлық мерген, Қабайшері және Тасбуда атты тайпалардың негізінде құрылған. Шыңғыс ханның шешесі Ұлынеке де (Оолунеке), әйелі Тай ноянның қызы Бөртеөшен де Қоңырат ұлысынан. Қоңыраттың әміршісі Меңліке Есукей (Шыңғыс ханның әкесі) өлгеннен кейін жесіріне үйленіп, 13 жасар Темучинді (Шыңғыс хан) өзі тәрбиелейді. Жігіт болғаннан бастап оған маңайындағы моңғол ұлыстарын билеп алуға көмектеседі. Кейіннен Шыңғыс ханның шаңырағында Меңлекенің жұрттың бәрінен жоғары отыруы осыған қатысты болса керек. Темучин қоңыраттармен соғысып, оларды жеңіп, құғынға ұшыратады. Осыдан кейін қоңырат руы бытырап, бір бөлігі моңғолдарға, екіншісі батысқа ауып, орта Азия өңіріндегі халықтарға қосылады. 1360 жылы Хайдар сопы Хорезмді билейді. Қоңыраттың жетекшісі Хайдар мырзада 80 000 әскер болады. Оның көмегінің арқасында Тоқтамыстың немересі Сеидахмед Қырымда таққа отырады. 1800 жылдың басында, Үргеніште қоңырат Елтүзер Инақ өзін хан деп жариялап, оның әулетінің билігі 1919 жылда ғана құлады. Қазақтың эпосы «Алпамыс батыр» жырының қаһарманы Алпамыс қоңырат тайпасынан шыққан. Жошы ханның бір әйелі Сартақ қоңырат руының қызы.



М. Тынышбайұлының шежіре нұсқасы.

Академик Әлкей Марғұлан ежелгі Оңғыт тайпасын Уақ деп көрсетеді. Олардың орталық қаласы Оңғырт қақпа, екіншісі Теңдік, онда өз заманына сай сауда кварталдары, жүздеген арба тоқтайтын алаңдары, биік қабырғамен қоршалған бекіністері болған. Бұл құрылыстар, Рубруктың, Марко Полоның XIII-XIV ғасырларда шығысқа жасаған саяхаты кезеңінде бұзылмай өз қалпында тұрған. Олардың ұлыстарын Ала күш – Тегін қоры Баһадур билеген. Одан кейін оның орнына немересі Шенгей отырады. Олар керейлермен көршілес тұрған. Тарихшылардың жазуынша, Оңғыт ұлыстары Шыңғыс тұқымымен құдаласып, қыз беріп, қыз алып келген. Олардың Алтай мен Моңғол жерінде табылған құлыптаста қиып түсірілген түркі сөздері қыпшақ (қазақ) тілімен бірдей екенін көрсетеді. Уақтар да орта жүздің ең саны аз руы болып табылады. Ш. Уәлиханов «Уақтың жоғарғы тармағына жататын: «Ер Көкше 1326 жылы туып, 1423 жылы 97 жасында қайтыс болған. Ер Көкшені қызылжарлық уақтар өздерінің арғы атасы деп біледі», – деп жазған.



Қазақтың бестен екі бөлігін құрайтын Кіші жүз бірлестігі алшындар туралы деректер ертеден бар. Олардың бір бөлігі, ежелгі мекені Алтайдан қыпшақтармен бірге (қаңлы құрамында) батысқа қарай ауып, Мысырға (Египетке) дейін барған. Онда Мысыр билеушілерінің қызметінде болып, мәмлуктер әулетінің үстемдігін орнатуға айтарлықтай рөл атқарған. 1725 жылы азаттық соғысында Алшын ханы Әбілхайыр барлық қазақ жасағының бас сардары болып сайланған. **Ұраны: «Найза ұстатып жауға қой».**

Қазақтың негізгі ру тайпаларының атаулары және олардың ұраны мен таңбасы.

№	РУ-ТАЙПА	ТАҢБА	ТАҢБА	ҰРАНЫ
1	АЛБАН			
2	ДУЛАТ		ДӨҢГЕЛЕК	БАҚТИЯР
3	ЖАЛАЙЫР		ТАРАҚ	ҚАБЫЛАН
4	ҚАҢЛЫ		КӨСЕУ, ШЫЛБЫР	БӘЙТЕРЕК
5	ОШАҚТЫ		ТҰМАР	
6	САРЫҮЙСІН			
7	СУАН			
8	СІРГЕЛІ			
9	ШАПЫРАШТЫ		АЙ, ТҰМАР	ҚАРАСАЙ
10	ШАНЫШҚЫЛЫ		ҚОЛ	АЙРЫЛМАС
11	ЫСТЫ		КӨСЕУ, ШЫЛБЫР	ЖАУАТАР
12	АРҒЫН		КӨЗ	АҚЖОЛ
13	КОҢЫРАТ		БОСАҒА	АЛАТАУ
14	ҚЫПШАҚ		ҚОСӘЛІП	АЙБАС
15	КЕРЕЙ		АШАМАЙ, АБАҚ	ҚАРАҚОЖА
16	НАЙМАН		ШӨМІШ	ҚАПТАҒАЙ
17	ТАРАҚТЫ		ТАРАҚ	ЖАУҚАШАР
18	УАҚ			ЖАУБАСАР, БАРМАҚ
19	АДАЙ		САДАҚ, ОҚ	БЕКЕТ

№	РУ-ТАЙПА	ТАҢБА	ТАҢБА	ҰРАНЫ
20	АЛАША			БАЙБАРАҚ
21	АЛТЫН			БАЙМҰРАТ
22	БАЙБАҚТЫ			ДӘУҚАРА
23	БЕРІШ			АҒАТАЙ
24	ЖАҒАЛБАЙЛЫ		БАЛТА, ШЕККІШ	МАЛАТАУ
25	ЖАППАС		ТҮЙЕ МОЙЫН	БАЙМҰРАТ
26	ЕСЕНТЕМІР			
27	ҚАРАКЕСЕК			АҚБАН
28	ҚАРАСАКАЛ			АЛДАЖАР
29	ҚАРАТАМЫР			ҚАРАҚОЖА
30	ҚЫЗЫЛҚҰРТ			ЖИЕМБАЙ
31	КЕРЕЙ		ШЫЛБЫР	АҚСАҚАЛ
32	КЕРДЕРІ		ТОСТАҒАН	ҚОЖАХМЕТ
33	РАМАДАН		ШӨМІШ	ДУЛАТ
34	ТАЗ			БАҚАЙ
35	ТАБЫН		ТОСТАҒАН, ТАРАҚ	ТОСТАҒАН
36	ТАМА		КӨСЕУ	ҚАРАБУРА
37	ТАНА		ӘЛІП, КӨСЕУ	
38	ТЕЛЕУ		ШЫЛБЫР	ТҰЛПАР
39	ШЕКТІ			БАҚТЫБАЙ
40	ШЕРКЕШ		БАҚАН	ШАҒЫРАЙ

РУЛЫҚ ТАҢБА - ҚАУЫМДЫҚ МЕНШІКТІҢ БЕЛГІСІ.
РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҰРАН - РУ ТАЙПАНЫҢ САЯСИ БІРЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ.

ЖҮЗГЕ КІРМЕЙТІН ҚАЗАҚ РУЛАРЫ




ШЫЗГЕ КІРМЕЙТІН ҚАЗАҚТЫҢ РУЛАРЫ МЕН ТОПТАРЫНЫҢ ҰРАНЫ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАРЫ.

№	ТАЙПА, РУЛАРЫ МЕН ТОПТАРЫ	ҰРАНЫ	ТАҢБАСЫ	
1	КОЖА	КОЖА АХМЕТ		ЭЛІП
а)	ҚОРАСАН	ШАЙБАНИ		САДАҚ
б)	БАҚСАЙЫС (ТӨРЕ)	АБЫЛАЙ		БОСАҒА
2	ТӨРЕ	АБЫЛАЙ ШАЙБАҚ, САМҚАЙ		АРНАР
3	СУНАҚ	ӘБІЛПАЗЫ (СУНАҚ АТА)		НАЛАМСАП
4	КЕЛЕГЕН	ТҰРШАТАЙ		НАЙЗА
5	ТӨЛЕҢГІТ	ОРАҚ		КӨСБҰ
6	ҚАРАША	ҚАРАШЫҚ		КӨЗ
7	КҮРАМА	АЛАША		
а)	ҚАТАҒАН	ҚАТАҒАН		ДОМБЫРА
б)	ДҮРМЕН-БАРЛАС	ТЕМІР		САДАҚ
в)	БАРШЫЛЫҚ	БАҚАДҰР		НАЙЗА
г)	МАҢҒЫТАЙ	ҚАРАТАУ		ҚОБЫЗ.
д)	МОҒАЛТАЙ	ҚАЙРАҚТЫ		ТАЯҚ
е)	КӨКІРАТ	АЛПАМЫС		ОРАҚ
ж)	ҚЫЛШАҚ	ҚОБЫЛАНДЫ		НАЙЗАШЫҚПАР
и)	ТАРАЙҚЫ	АҚЖОЛ		КӨЗ
к)	ЖОРАЙПЫ	АЙДАРХАН		БАЛҒА
л)	АЛТАЙ-ҚАРЫҚ	АЛТАЙ		ДОМБЫРА, СЫБЫЗҒЫ
м	ҚАЛПАҚ	ҚАРАҚАТ		ТАБАҚ
9	ҚЫРҚЫЛҚЫ	ШОЛАҚАН АТА		ҚОМЫЗ

-Мемлекеттің сыртқы белгілерінің бірі - оның ту, қазақ жерінде әмір сүрген ежелгі ғұн ұлысынан бастап қазақ хандығының ешбір әмір сүрген өзбек шақты мемлекеттердің әрқайсысының өз ту-байрақтары болды.



Ұлы ғұн ұлысы (б.з.б) 204-б.з.216) құрушы Модебатыр.



Ақ, ғұн ұлысы (420-562). Құрушысы: Ақшубар



Хазар ұлысы (651-933)



Батыс ғұн ұлысы (48-216) Құрушысы: Паи-



көктүрік ұлысы (552-743) Құрушысы: Бұмын қаған



Қытан әулеті: (744-1335) Құрушысы: Құтлұғ білге күл қаған



Еврона ғұн ұлысы (375-454) Құрушысы: Мунжу, Өктәр



Авар ұлысы (565-803) Құрушысы: Баян қаған



Қарахандар (940-1040) Құрушысы: Сатұқ Бұғра хан.



Газнелілер (963-1183) құрушысы Алып Тегін



Алтын Орда әулеті (1236--1502) құрушысы Жошы хан



Осман үлесі (299-1922) Құрушысы: Осман бей.



Ұлы Селжүк үлесі (1040-1157) Құрушысы: Селжүк хан



Ұлы Темірүлесі. (1368-1501) Құрушысы: Темір Гүркен.



Қазақхандығы (1456-1822) Құрушысы: Керей, Жәнібек



Хорезмшахтар (1157-1231) Құрушысы: Мұхаммед Хорезмшах.



Бабыр үлесі (1526-1858) Құрушысы: Бабыршах



Қазақ ССР-і 1920-1991 ж.ж



Қазақстан-1991 ж. Тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі уақытқа дейін. Көршілес елдер: Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Каспий шекарасы бойынша Иран, Әзірбайжан, халқы 19 млн. Астанасы: Нұр-Сұлтан.



Жәнібек пен Керей сұлтандардың Жетісуға қарай көшуі

XVI ғасырдың аяғында қазақ хандарының иеліктері

XVI ғасырдың басында Дешті Қыпшақ тайпаларының бір бөлігінің Орта Азияға қарай көшуі

XV-XVII ғасырлардағы ойраттардың (қалмақтардың) шапқыншылығы

XVII ғасырдың бірінші жартысында ойраттардың (қалмақтардың) бір бөлігінің Еділге қарай көшуі

ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ҰМЫТЫЛМАС КЕЗЕҢДЕРІ
(ШЕЖІРЕ ДЕРЕК)

1. 1456 жылы – Сұлтандар – Жәнібек пен Керей Шу өзенінің бойында «Қозы-Басы» атты қоныста «Қазақ хандығы» деген атпен дербес хандықтың туын көтерді.
2. 1511-1518 жылдары – Қазақ ордасын Қасымхан биледі.
3. 1523-1533 жылдары – Хан тағына Тахир хан отырды.
4. 1538-1580 жылдары – Хакназар хан ел биледі.
5. 1582-1598 жылдары – Тәуке хан болды.
6. 1594 жылы – Тәуке хан Мәскеуге елшілік жіберді.
7. 1598-1628 жылдары – Еңсегей бойлы ер Есім хан болды.
8. 1628-1652 жылдары – Жәңгір (салқам Жәңгір) хандық құрды.
9. 1680-1718 жылдары – Қазаққа әз-Тәуке хан болды.
10. XVII ғасырдың соңы әз-Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қабылданды.
11. 1718-1748 жылдары – Кіші жүзді Әбілқайыр хан биледі.
12. 1723 жылы – Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама.
13. 1726 жылы – Жоңғар шапқыншылығына қарсы тойтарыс ұйымдастыру үшін үш жүздің басшы адамдары Орда басы тауының етегінде бас қосты.
14. 1728 жылы – Бұланты өзенінің жағасында қазақтар жоңғарларды жеңді.
15. 1729 жылы – Аңырақай шайқасы.
16. 1731-1732 жылдары – Кіші жүз бен Орта жүздің біразы орыс боданды-ғын қабылдады.
17. 1771-1787 жылдары – Үш жүзге Абылай хан болды.
18. 1801 жылы – Бөкей ордасы құрылды.
19. 1821 жылы – Оңтүстік Қазақстан облысының Қоқан ханды-ғының езгісіне қарсы көтерілісі.
20. 1822 жылы – Ақ патшаның «Сібір қазақтары туралы» жарғысы шықты және Орта жүзде хандық институты жойылды.
21. 1824 жылы – Ақ патшаның «Орынбор қазақтары туралы» жарғысы шықты және Кіші жүзде хандық институты жойылды.
22. 1836-1837 жылдары – Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің Ақ патшаның отарлау саясатына қарсы көтерілісі.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақ хандығының құрылымы жеті сатыдан қаланады.

1. Ауыл – *қазақ халқының ең бірінші қоғамдық ұйымы.* Басшысы – ауыл басы. Ол туыстас, қандас жақын адамдардан немесе бірнеше отбасыдан құралады. Ауыл басы білгір, тәжірибелі, саяси беделді, аухатты адам болды. Ауыл басының атқаратын міндеттері: ауылдастарының шаруашылығын басқару, маусымдық көші-қон уақытын белгілеу, адам мен көлік күшін дұрыс пайдалану және тағы басқа.

2. Ата-аймақ – *жеті атадан қосылатын,* бірнеше ауылдан құралады. Басшысы – ақсақал.

3. Ру – *он немесе он бес аймақтан құралатын болған.* Басшысы – ру басы. Ру басы – көпті көрген, мол тәжірбиелі, өте білікті, білгір адам болған.

4. Арыс – *бірнеше рудан құралады.* Басшысы – би. Би – бүкіл қауым бидің шешімін, оның билігін орындауға міндетті болған.

5. Ұлыс – *бірнеше арыстан құралады.* Ұлыстың билеушісі – сұлтан. Сұлтандар әдетте хандар мен ақсүйектердің әулетінен шыққандар болады. Сұлтандар ханды сайлауға қатысып, ханымен тікелей қарым-қатынас жасай алатын еді.

6. Жүз *(Ұлы, Орта, Кіші жүздер)* – бірнеше ұлыстардан құралады. Жүз билеушісі – хан. Әр жүздің жеке дара ханы болған. Жүзді билейтін хандар тек хан әулетінен болуы талап етілген. Әр жүздің өз ұраны болған. Ұлы жүздің ұраны – Бахтияр. Орта жүздің ұраны – Ақжол. Кіші жүздің ұраны – Алдияр. Жүздің биін орда би деп атаған.

7. Хандық – *жүзден құралады.* Хандықтың ең үлкен әміршісі қаған болды. (Ұлы хан, яғни хандардың ханы). Ханды ақсүйек шонжарларынан сайлау қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ежелгі ата дәстүріне айналды. Қазы (құрылтай немесе маслихат) – бүкіл қазақ ұлтының бас қосқан кеңесі, үш жүздің бас көтерген азаматтары қатысқан.

ҚАЗАҚ ХАНЫ

«XVI ғасырда хан, жалпы қазақ халқының қоғамдық әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне байланысты сайланды. Қазақтың ханын сайлауға барлық рудың атақты, сыйлы шонжарлары қатысты. Ру басылары хан болып сайланатын адамды ақ киізге отырғызып көтереді. Осыдан кейін хан отырған киізді, ханның хан сайланғанға дейін киіп келген киімдерін жапырақтап қиып, ханды сайлауға қатысқандық белгісі ретінде үлестіріп алады. «Ханталапай» дәстүрі бойынша жиналғандар ханның бар малын бөлісіп алады. Ханды көтерген киізді «Тәбәрік» етіп бөліп алады. Хан сайлану үшін Шыңғыс хан ұрпағы болу – басты талап. Қазақ ханы елді билеумен қатар, әскердің жоғарғы қолбасшысы болған. Ханның өзі басқарып отырған елінен іріктеп алған шағын жасағы болады. Төленгіттер немесе қараша хан жасағы ханды қорғап, онымен бірге жорыққа шығып, малын баққан. Қазақ ханының тұрақты әскері болмады. Бейбітшілік жағдайда ханның рұқсатынсыз көшіп-қонуға жол берілмеді. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі салдарынан әрбір жүзді билейтін жеке дара хандар сайланды. Бұл хандардың билігі өздеріне қарасты жүздерге ғана жүрді».

Қазақстан тарихы: XIV тарау: Қазақ хандығының басқару жүйесі; қазақ ханы (151,152 бет)



АБЫЛАЙ ХАН

Абылай хан (1711-1781 жылдар) – шын есімі Әбілмансұр Уалиұлы.

Лақап аты – Сабалақ (Төле бидің түйесін баққан). Әкесі Орта жүздің сұлтаны «көркем» Уәли. Атасы Түркістан қаласының билеушісі «қанішер» Абылай. 1731 жылы Сабалақ 20 жасында жоңғар баһадүрі Шарышпен «Абылайлап» жекпе-жекке шығып, жеңіп, аты елге тарап, даңқы шығады. 1740 жылы сұлтандық дәрежені алады. 1753 жылы Абылай сұлтан ірі қолды бастап, Жоңғарияға шабуыл жасап, оларды талқандайды. 1771 жылы Түркістанда Әбілмәмбет хан қайтыс болып, үш жүздің ақсүйектері барлық қазақтың билеушісі етіп Абылайды хан сайлайды. Абылай туының астына үш жүздің жасақтары жиналады. Абылай Ұлы жүздің көбіне, Орта жүздің бәріне, Кіші жүздің азына билігін жүргізіпті. Оның заманында қазақтың саяси-экономикасы дамып, мемлекеттің іргесі нығайып, қазақ халқының саны шамамен 3 миллионға жетеді. Ш. Уәлиханов: «Қазақта Абылайдың даңқы зор, Абылайдың заманы қазақтың ерлік заманы болып саналады» – деген. Абылай хан қайтарының алдында жанында отырғандарға: «Қанша жыл хан болғанымнан не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, үш жүзді де түгел біріктіре алмадым. Осы арманым бойымда кетіп бара жатыр» – деген екен... Абылай хан Түркістандағы Ахмет Иасауи кесенесіне жерленеді.



Екінші бөлім

Керейдің коне жарлық
мен ду-шайпа шежіресі.

КЕРЕЙ РУЫНЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ

XIX ғасырда Алтай аймағындағы Керей тайпасынан шыққан шежіреші Мәми-Керей ұлысының арғы тегін сегіз тайпадан таратады. Олар: Шеп, Сеп, Байлау, Қойлау, Елдей, Күлдей, Изен, Жусан. Осы тайпалардың аттары VII-VIII ғасырдағы Жунго (Қытай) жылнамаларында да көрсетіледі, олардың көбі қазіргі Жоңғарияны мекендеген тел тайпаларының қатарында аталады. Жетінші ғасырдың басында Жоңғариядағы Шеп, Сеп, Байлау, Қойлау тағы да басқа тайпалар шығыс-түрік қағанатының VI-VIII ғасырлардағы үстемдігіне қарсы күреске шығып, 607 жылы Шеп тайпасының басшысы Керін Еркінді хандыққа көтеріп, «Изен Баға қаған» деп атаған. Осы Керіннің баласы Хылей қаған атанған. «Таң патшалығының көне тарихында» Хылейдің әкесі Кер (Гер) «Сүй» дәуірінде «Мықты тегін» атағын алған еді дейді. «Кер» деген сөз хандар руының аты, демек «Керей» аты жоғарыда айтылған тайпалардың алғашқы тайпалық озық көсемдері Керінмен Хылей (Керей) хандарының атынан шыққан болуы мүмкін. Өйткені қазақ шежірешісі Рамиденнің және Жунго жылнамаларының деректері арасында осындай сәйкестіктер бар. Қытай жылнамаларының мәліметтерінде: Лиоу (907-1125), Шин (1115-1234) патшалықтары Керей ұлысы көптеген тайпаларын руларға бөлінген дей келе, оларға мінездеме беріп, аттарын да құжатқа түсірген. Олар: 1) Керей хан тайпасы, хандар осы тайпадан шыққан. Олар басқа тайпаларға үстемдік еткен, барлық тайпалар Керей ханның бұйрығына бағынатын болған. 2) Жарқын тайпалары, бұл керейдің ішіндегі ең күштісі болған. Олардың басшысы Гийук батыр «Курени» деп аталған. Ол мың үйдің ұлығы болған. Жарқын тайпасы –керейлердің ішінде сый-құрметке бөленген батыр тайпа болды. Керей тайпасынан шыққан батырлардың көбі осы тайпадан шыққан деп көрсеткен. Осы үлкен екі тайпаға қоса Тонхайт, Сахиат, Тобырай, Албат тайпалары да бар.

Керейлер – ерте заманнан бері келе жатқан түркі тілдес тайпалардың бірі. Әйгілі ғалым, шығыс зерттеушісі Грум Гржимайло: «Керейлер IX ғасырдан бастап тарихқа белгілі

болған», – десе, орыс ғалымы Ж. Аристов: «Керейлердің жан саны X ғасырда 900 мыңға жеткен» – дейді. Керейлер осы кезде соғда жазуын (көне ұйғыр жазуын) қолданғаны туралы көп мәліметтер бар.

Тарихи жазба деректерде Марғұз хан, Құрашғұз, Бұйрық хан, Гөр хан, Оң хан деген билеушілерінің аты аталады. Бұлардың ішінде атақтысы Оң хан, өз есімі – Тұғырыл. Оның Оң хан деген лауазымы «Уаң хан» дегеннен шыққан, мағынасы «Бір елдің әміршісі» деген сөз. Тұғырыл өз кезінде Жунгоның (Қытайдың) бір бөлігін билеген. Жан патшалығына (Алшан ханға) көмектесіп, татар тайпаларын бағындырған. Осы еңбегі үшін Алшан хан оған «Уаң» атағын берген, жүре келе «Уаң хан» деген сөз «Оң хан» болып кеткен. Осы Оң ханның тұсында Керей елі күшейіп ұлан-ғайыр аймақты өздеріне бағындырған. Ол кезде Оң ханның әскері оң қол және сол қол деп екі қанатқа бөлінген. Олардың тұрақты қоныстары да бөлек болған. Тайбұға мен Тайшық – Оң ханның ұрпақтары.

Тұғырыл хан 1202 жылы қаза болды. Оның өмірі жөнінде «Жамих ат-тауарих» кітабында берілген деректерде Шыңғыс ханнан жеңілген Оң хан мен інісі Сенкун қашып Найман еліне жеткенде, Найман ханның екі қолбасшысы Оң ханды ұстап өлтіреді. Оң ханның басын кесіп, Найман ханы Тоянға алып келеді. Оның басын көріп, Тоян қатты қайғырып: «Сендер мұндай ұлы ханды неге өлтірдіңдер?», –дейді. Ол Оң ханның басын күміспен қаптатып, бір мезет өзінің тағының үстіне, есікке қаратып қойып аза білдірген екен.

«Марко Полоның саяхаттамасында» Керей ұлысы Шыңғыс ханнан жеңілгеннен кейін оған тәуелді елге айналды. Керейдің бір бөлігі батыс жаққа (қазіргі Шығыс Қазақстан жеріне) қоныс аударды. Олардың астанасы – Теңді қаласы болды. Керейдің билеушілерін Монғол қағаны тағайындап отырды. Қаған (Шыңғыс хан) Керей елінің билеушілеріне хан әулеті қатарында мәміле жасады, өзінің ханшаларын оларға берді. Марко Поло Керей

еліне келгенде (1290 жылы) Оң ханның шөбересі Керей хан елін билеп отырған екен.

Керей ұлысы мен Шыңғыс ханның Моңғол ұлысы одақтас болып тұрған кезде, бұлардың билеушілері арасында құдандалық байланыс орнатылған. Оң ханның інісі Жоға Қамбұның төрт қызы болған, үлкен қызы Абақ бикені Шыңғыс хан ханымдыққа алған, екінші қызы Бектұмын бикені Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы алған, үшінші қызы Сұртоқты бикені Шыңғыс ханның кіші баласы Төле алған, кейін олардан Мөңке хан, Құбылай хан, Құлағу хан, Арық-Тұқа хандар туған. Ал ең кенже қызын Оңғый (Уақ) ханы алған. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Керей елінің мал шаруашылығы да, егіншілігі де, орталық қалалары да болған. Оң ханның орталық қаласы Исақ, моңғол Алтайында тұрған, екінші астана қаласы Қара-хото, Барыс Қатар өзені бойында орналасқан.

Кеңес ғалымы Б.К. Козлов осы қаланың жұртын қазып зерттеген. Онда христиан дініне табынатын шіркеу абаттарының қағаз бен жібекке орхон, ұйғыр, сирия жазуымен жазылған көп деректер табылған.

Керейлер Ғұн (hұн) әулеті бойынша бұғы, маралды ерекше қадірлеп, оларға табынған. Алтайда, Жоңғар даласында, Янисиде (Енесейде), жоғарыда көрсетілгендей, орхон жазуы бар құлпытастар кездеседі. Олардың көбін жазған керейлер мен оңғыттар (уақтар). Керейлерден қалған орхон жазуы бар құлыптас Биук (Биік) Тұран өзенінің бойында тұр. Оған «Алтын ілгек кісені білімге бұғындым», яғни «Алтын ілгекті кісені беліме буындым» – деп жазылған. Бұл жазулар керейлердің түркі тілінде сөйлейтіндігін даусыз дәлелдейді.

Керейлер – көшпенді көне тайпалардың ең ірісі. XII-XIII ғасырлар аралығында керейлер қауымы мемлекеттік сипат алып, көне ұйғыр әліппесін қолданды. Керейлердің құрамында түріктер де, моңғолдар да болған.

КЕРЕЙ ҰЛЫСЫНЫҢ АРҒЫ ТЕГІ

ТҮРКІ ТІЛДЕС ТАЙПАЛАР БІРЛЕСТІГІ



Керей ұлысынан тараған ұрпақ уақыт өте өсіп-өніп, өз алдына Ашамай мен Абық керей деп аталған екі тайпа болды. Шежіреде олардың аттарына байланысты болжамдар көп, солардың ішінде қисынға сиятыны да жоқ емес. Көне заманнан бері әр тайпаның еншісінде өз таңбасы болған. Сол таңбаны "енді малдарына салып меншіктеді, қайтқан адамның басына, қойған тасына да салған." Көшпенділер дәстүрінде бір тайпаның таңбасын басқа тайпа қайталамаған. Баяғы заманда қазақтың көптеген тайпа аттары сол тайпаның таңбасымен аталыпты. Ол туралы көптеген дәлелдер келтіруге болады. Ашамай мен Абақ аттарының шығу төркіні сол жобадан деп айтуға негіз бар. Ашамай тайпасының таңбасы – бір-біріне айқастыра салынған қос көсеу таңбасы ✕, Ашамай ердің сүйегіне ұқсағанынан оларды «Ашамай» деп атаған.

Ал Абақ тайпасының таңбасы ◘ – ортасын бөлген аң ұстайтын көне құрал абақ сияқты көрінгеннен «Абақ» атаған (Абақ – бүгінгі абақты сөзінің түбірі). Сонымен бір сөзбен айтқанда, Ашамай да, Абақ та кісі атымен байланысты термин емес, бұл атаулар «ұқсас таңбасы бар тайпа» деген мағынаны білдіретін халық атауы. Керей ұлысының азы – Абаққа, көбі – Ашамайға жатады. Абақ тайпасы негізінде үш мемлекеттің: Қазақстан, Моңғолия, Қытай шекара аймағын мекендеген. Абақ тайпасына жататын 12 рулы елді – «Он екі абақ» деп атайды. Абақ керейдің Жанай руынан шыққан Бейсенбі Дөненбайұлы – шешен, күйші, ортаға шыққан қолбасшы болған. Шамамен 1408-1410 жылдары туып, 88 жасқа қараған шағында қайтыс болған. Ол Абақ тайпасынан керейдің төрт биінің бірі болып сайланғаннан кейін, билер кеңесі күймен басталатын болған. Үлкендердің айтуы бойынша, Бейсенбі жасаған өмір Абақ елінің іргесі, Алтай алқабына біржола тұрақталған кез еді.

Керей хандығы құлағаннан кейін атқамінер жігіттердің басым бөлігі өздерінің тұрғылықты жерінде, моңғол әскерінің құрамында жауынгер реттінде қалып, олармен бірге талай шайқастарға қатысып, өздерінің ерліктерімен көзге түсіп, соның арасында үлкенді-кішілі әскери шенге көтерілген. Солардың ішінде

Ашамай тайпасынан шыққан атақты адамдардың өмірбаяндары, өлкетанушы, сегіз серінің (Мұхаммет Қанафия ұрпағы Қаратай Бигожиннің мәліметтерінің негізінде көрсетілген. Есімі тарихта қалған Тоқты, Өзбек, Жәнібек хандардың тұсында, 1308-1348 жылдары Ордабасы деңгейінде қол бастаған, әскери жоғары атақтың иегері Танаш тарханды айтуға негіз бар. Оның тікелей ұрпағы – Қожаберген жырау (1663-1763 жж.).

«Танаш тархан бабамыз,
Ел қамқоры болыпты.
Әскерді бастап әркезде,
Жапан түзде қоныпты.
Сыбызғы керней тартқызып,
Өткізген бастан жорықты
Тоқты, Өзбек хандардың

Оған көңілі толыпты», – деп жазған екен. Танаш тарханның 19 ұлының арасынан ұрпақтары кең тарап, шежірелері жалғасқан төрт атаны: Балға, Балта, Көшебе, Тарышыны тілге тиек етсек. Олар туралы жырау:

«Балға, Балта, Едіге,
Керейден шыққан осылар.
Маңайында жүрмеген,
Елді бұзған босылар.
Өзбек, Жәнібек, Бердібек,
Бұлан, Темір хандардың
Әскерін бастап әрқашан,

Зәресін алған жаулардың», – деп батыр аталарының ерлігін суреттеп, дастан жазған. Балға мен Балта қартайған шақтарында Әмір Темірдің әскерін басқарып, орыс кінәздіктеріне және Тоқтамыс ханға қарсы жорыққа бара жатып, бөгелген жерінде 1392 жылы жаздың басында Ұлытауға тоқтайды. Онда темір балқытып, қару жарақ жасап, соғысқа аттанғандарын, әскерлерінде қанша сарбаз болғанын, қара тасқа қашап

қалдырған. Бұл мәліметтерді оқыған академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаев (1899-1968 жж.) жергілікті қазақтарға: «Бұлар – әскер басы баһадүрлер, өзіміздің Керей ағайындардың арғы бабалары, Танаш тархан ұлдары Балға мен Балта» деп жеткізген екен. Осы аталар туралы халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер көп.

Танаштың тұңғыш баласы Балға, баһадүр әйелі (Сібір татарының бегі Алайынның қарындасы) Ғалия сұлудан туған жалғыз ұлы Әзімді «Сибала» деп атаған, есейгенде оны «Сибан» деп атап кеткен. Оны Балғаның жиені деген сөз шындыққа жатпайды.

Балта баһадүрдің әр ұлттан алған 11 әйелінен – 17 ұл туған. Солардан өсіп-өнген ұрпақты «Балта керей» деп атаған.

Көшебе Танаш тарханның Айша бәйбішесінен туған кенже баласы, өсе келе ерлік көрсетіп, баһадүр атанған. Оның тұқымынан атақты батырлар, билер, жыраулар шыққан. Солардың бірі Қожаберген жырау атасы Көшебе туралы:

«Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келеді Көшебеге.
Қазақтың кейінгі жас батырлары,
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?
Оқ атып, дамыл таппай қалмақ елі,
Сын болды қол бастаған біздің ерге.
Шегініп соғыс салып ақырында,
Тірелдік Танаш көл мен Абақ көлге
Үздіксіз шабуыл жасап, есе бермей,


Тоқтаттық қалың жауды Есілкөлде», – деп батырлығын мадақтап өлең жазды. Есілкөл – Омбы облысы, Есілкөл қаласының солтүстігінде 10 шақырым жердегі көл), ал Танаш, Абақ көлдері – Булав пен СҚО, Есілкөл, Омбы облысы аудандарының ортасындағы көлдер). Осы соғыстан ауыр жарақат алып, қаза тапқан Көшебені, баласы Жауынгер бүгінгі Омбы қаласындағы

Ом өзенінің Ертіске құяр оң саласындағы жардың үстінде орналасқан ауылына апарып, жерлейді. Баяғыда осы маңайда өсетін қалың шілікті «Көшебе шілігі» деп атаған.


Танаш тарханның қартайған шағында әйелдікке алған (інісі Манастың жесірі) Сәлимадан туған кенже ұлының атын «тұқымы тарыдай көп болсын» деп ырымдап, Айша бәйбішесі есімін Тарышы қойыпты. Ақырында солай болды. Танаштың өзге балаларының ұрпақтарымен салыстырғанда, оның тұқымы әлдеқайда көп болады. Тарышыны Тары өзенінің Ертіспен қиылысқан саласында жерлепті. 1896-1897 жылдары Қазақстанда өткізген санақта керейлер саны Петропавл уезінде – 27,7 мың, Ақмола уезінде – 14,7 мың, Омбы уезінде – 14,2 мың, Семей уезінде – 11,3 мың, Көкшетау уезінде – 8,5 мың, Зайсан уезінде – 4,6 мың, барлығы 90,2 мың болған. Алтай, Қытайдағы 260 мың қазақтың көбі – Абақ керей.

12 АБАҚ КЕРЕЙДІҢ РУ-ТАЙПА ШЕЖІРЕСІ

(ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІНІҢ НҰСҚАСЫ)




АШАМАЙЛЫ КЕРЕЙ РУ-ТАЙПА ШЕЖІРЕСІ



«Естіген құлақта жазық жоқ» ел аузынан: «Танаш бидің 20-шы баласы Жарылғас, үйінде күңде жүрген қыздан туған» деген сөз бар, одан Әжі керей тарайды.


БАЛҒА
МАМА БАТЫР
БОКЕНБАЙ БАТЫР
ТАЙМАС
АЙБАС
МӨНЕС
ҚОЙБАС
БАЙБАҒЫС
САҒЫНДЫҚ
СҮЙІНДІК
КЕШІН БАТЫР
МАҢДАЙ
БАЙДАЛЫ
БАЙТОҚА
ҚАРАТОҚА БИ
ӘЙЕЛІ-ҒАЛИЯДАН
ӘЗІМ (СЫЙ БАЛА)
(СИБАН)
КҮНГЕНЕ
ЕРІМСАРЫ
ҚОРТЫҚ
ШОҢМАТАР
АҚЫН...
ӘТЕК
ШОЛЫҚ
ҚОДАР
ТӨМТЕКЕЙ
ТӘУКЕ
ШИМОЙЫН
(СИБАННЫҢ 10
ҰРПАҒЫ)
ЕСНАЗАР
ЖАННАЗАР
ЕРНАЗАР
АЛДАНАЗАР
БАЙНАЗАР
МАЙНАЗАР
ЖЫЛЫБАЙ
ЖОЛДЫБАЙ
МАНАЗАР
ОТАРБАЙ
ҚОСАЙ
СЫРЫМБЕТ
ӘБУҚОЖА БИ
БАЛТА
КӘРІҒҰЛ
ҚҰРМАҒҰЛ
УЫЗБЕК
ҚАРАСАРЫ
ҮМБЕТАЙ
ТҰРСЫНБАЙ
ЖАНАТАЙ БАТЫР
ҚОЖАБЕК
ҚҰЛМАМБЕТ
АЙТҚҰЛ
ЖӘДІК
ҚҰЛЫС
ТІЛЕС
ТАЙЫРБЕРДІ
КҮЛЖЕ
ЕЛКЕЙ
ӘУЕЗ
ҚАРАША
БЕККҰЛ
БЕКСЕЙІТ
МАМАН
ЖӘНІБЕК
БАЙТЕЛІ
ЖӘПЕК
МЕРГЕН



КӨШЕБЕ
ЖӘДІГЕР
ЖАНКӨРПЕ
ЖАЗЫ
ЖОМАРТ
ЖАУЫНГЕР
ТАУЗАР
ШӘУКЕР
ЖОЛАМАН
ИТЕМІР
ҚАРСАҚБАЙ
БАЙСАЛБАЛУАН
ЖАНТОҚА
БАЙТОҚА
ЖАН¥ЗАҚ
ЖАС¥ЗАҚ
БАЙ¥ЗАҚ
МАЛЫБАЙ
БАРЛЫБАЙ
ӨТЕМІС
БЕГІНБАЙ
ҚАРАТОҚА
ДӘСТЕМ САЛ
(1677–1752 Ж.)
АСҚАПШОРА
ӘСКЕРБАСЫ
ЖАРҚЫНБЕК
ЖАНАТ
ЖАЛАЙТЫР
ЖАНДАРБЕК
ЖАУҚАШТЫ
¥ЙПАЛАҚ СОПЫ
ӘЛМӘМБЕТ
(1675–1764 Ж.)
ӘЙЕЛДЕРІ
АЙБИКЕДЕН
ҚОРЛАННАН
СУСАРДАН
СҰЛУДАН
ТОЛЫБАЙ
ҚАРАБАТЫР
КӨШЕК
ДӘУЛЕН БАТЫР
ТОЛЫБАЙ
СЫНШЫ
ҚОЖАБЕРГЕН
ЖЫРАУ
(1663–1763 Ж.)
ҚАРАБАС – БАТЫР
ЖАТТЕЛІ
Ж¥МАТ
ЖАҒАН
ЖАНӘБІЛ
ЖАНКЕЛДІ
АЙБАС
МАЙБАС
ТАЙМАС
АҚДӘУЛЕТ
БАЙДӘУЛЕТ
ЖАНДӘУЛЕТ
БҰЗАУБАЙ
ӨТЕБАЙ
БОСТАНБЕК
ҚОСТАНБЕК
(ҚОСТАНАЙ
БАТЫРЫ)
ҮСЕНБАЙ
ШАҚШАҚ БАТЫР
БАҺРАН
М¥ХАМЕД
ҚАНАПИЯ
(СЕГІЗ СЕРІ)
(1822–1905 Ж.)


ТАРЫШЫ
БЕКЕЙ
ДОСТИЯР
ЕСТИЯР
ЕСЖИЯР
УАНБАЙ
СЫМАҒҰЛ
СЫМАЙЛ
ЖАРЫЛҒАС
БОПЫ ҚАЖЫ
ЖӘКУДА
ТЕМІРКЕ
ЖАУБАСАР
МҰХИТ
ҒАППАС
КӘКІМ
СЕРІКБАЙ
ҚУАНЫШ
СОПАЙ
ЕШКЕН
СӘКЕН
СЕРІК
ЕРМЕК
ӘЖІҚҰТ
(ӘЖІ КЕРЕЙ)
АСАН
ЕСІРГЕП
ТОҚТАР
БЕКБОЛАТ
ТАСБОЛАТ
ТЕҢІЗБАЙ
ТАҢКЕРМЕ
БАЙШАҚ
БОЛАТ
ФАЗЫЛ
БАЛТАБАЙ
ЖАҢБЫРБАЙ
БАЛТАШ
НҰРЛАН
САҒЫН
ТЕМІРҒАЛИ
РАХЫМ
ҚАЖЫМҰРАТ
БЕРДІМҰРАТ
ӨСЕРБАЙ
МАҚПОЗ
(МАҚАЛАЙ)*
РАШИТ
ҚАБЫЛ
УАҚИТ
АБЫЛАЙ
АБАЙ
ДАНИЯР
ИЛИЯС
АЛДИЯР
ӘДІЛХАН



Омбының Марионовкасынан 30 шақырым жердегі Қаратерек ауылының маңайында баяғыда Есіргептің елді мекені болыпты. Мұқылай (Мақылай) – ақылды, шешен, батыр дегенді білдіреді. Жалайыр тайпасы ішіндегі Шыңғыс ханның ең жақын адамы, сол қанатының түменін (әскерін) басқарған. 1223 жылға дейін Шыңғыс ханның бұйрығымен Мұқылай солтүстік Қытайдың басшысы болған. Қазақстан тарихы, 84-бет, 2015 жылы шыққан.


СЫМАҒҰЛ
ЖАЛБЫР
МАЛҚОЗЫ
БЕККӨЗЫ
ЕРҚОЗЫ
ЖАНҚОЗЫ
ҚАРАҚОЗЫ
ҚОҢЫРҚОЗЫ
АҚҚОЗЫ
БЕГӘЛІ
ЕРӘЛІ
СЕРӘЛІ
ЖАМАНӘЛІ
ШЕРӘЛІ
ИМАНӘЛІ
ЕМЕНӘЛІ
БАТЫР
КҮНТУ (ТАЗ)
СЫРЛЫБАЙ
ҚЫЛЫШ
НҰРЫШ
ӨРІС
ЫРЫС
ТӨЛЕК
ҚҰЛДИЯР
САҚАУ
ҚОЖАКЕ
НИЯЗ
АЛДАЙ
ҚАНТАЙ
ТІЛЕУ
ҚАЛЫБЕК
БЕСІН
ҚАБЫЛ
КЕНЖЕҚОЗЫ
ЖАНҚОЗЫ
ӘЛҒАЗЫ
САРМАНТАЙ
БЕРСҮТІР
БАЙСАЛ
КЕНТ
ҚАРАМАН
САТЫБАЙ
САТЫБАЛДЫ
БӘЖІ
САУҒАБАЙ
НҰРСЕЙТ
БӘРИ (1900–1982)
ХУСАЙНОВ
СЕРІКБАЙ
(1937 Ж.Т.)



«Ертоқым»

Ұлыңның бәрі

Сенімді керейдің
шарықтап жеңіп
алға шекті жүйрегі

СЫМАЙЛ

Шайбанид Сидақ (ибад) бастаған бірлестік 1468 жылы Ақ ордадан бөлініп, Тобыл, Тура және Тобды өзендерінің бойында Сібір хандығының негізін қалап, ордасын Тура (Түмен) қаласында орналастырған. Хан ордасындағы биліктің басым бөлігі керей ханы Уаң ханнан тараған Тайбұға мен Тайшық ұрпақтарында болды. Олар Тайбұғалық Мұхамед (Мәрдән) сардардың басқаруымен, 1495 жылғы Ибатқа қарсы көтеріліс жасап, оны өлтіріп, билікті өз қолына алады және Мәрдән хан ордасын Қарашық қаласы маңайындағы Тобыл өзені Ертіске құяр аңғарындағы Ескерге көшіреді. Бұл шығыстан ауып келген керейлердің құрған екінші хандығы еді. Мәрдәннен кейін Сібір хандығын оның тұқымдары Ағыс, Сауысқан, (қазіргі кезде Омбы облысы, Тары қаласының маңайында, картада Сауысқан атты қала бар) Қазына, одан кейін XVI ғасырдың елуінші жылдарынан бастап оның балалары Жәдігер, Бекболат басқарды.

1563 жылы Сібірлік шайбанид Көшім (Кучум) Ескерді жаулап алып, Тайбұғалықтарды тақтан тайдырды. Көшімнің бұл әрекетіне наразы болған, өзі де биліктің басы-қасында жүрген саясаткер, керейдің көсемі Исмаил би Мәскеумен одақтастық құруға мәжбүр болады. Исмаил би билігінен қолдау таппаған Көшімхан 1582 жылдары Жармақ (Ермак) басқарған орыс жасақтарына төтеп бере алмай, ордасы Ескерді тастап қашып құтылады. Исмаил би осындай аумалы-төкпелі кезеңдерде Ораз-Мұхамед сардардың қолдауымен, өз алдына амал жасап, орыстан қорқып қашқан сібірліктердің басын қосып, Сібір хандығымен манғұттардың (моңғол тайпалары) ортасында орналасқан өз аймағында «Тайбұғалық» деп аталатын тұтас жаңа ұлыс құрып, билік еткен. Ол керейдің Тарышы ұрпағы, осы ата-тек шежіренің бас кейіпкері, орыс жылнамаларында «Исмаил би» деген есіммен аты тарихта қалған Уан (би) ұлы Сымайл еді. Болжам бойынша XVI ғасырдың бірінші жартысында дүниеге келген. Оның өзі, ұрпақтарының да туып өскен өлкесі Шұбар (Сібір) ішінде Керей өзені мен Үй өзенінің маңайында Ертістің орта саласы (бүгінгі Омбы облысы,

Тара ауданының аймағы). Сымайл биден «Төрт Сары» аталған – Күрсары, Ақсары, Жансары, Нұрсары, Тезекей тарайды. Олардан «Күрсарының екеуі» – Есенәлі, Еспол, «Ақсарының алтауы» – Ақымбет, Нұрымбет, Тоқымбет, Бәйет, Нұралы, Еменәлі және «Тезекейдің текелері» – Байтеке, Айтеке, Тайтеке, Матақай (Майтеке) жалғасады. Сымайл бидің ұрпақтары үлкендердің айтуынша, өз уақытында Сібір және қазақ хандықтарында, одан кейінгі қилы замандарда беделді қызмет атқарып, ел көзіне түскен атақты адамдардың қатарында болған. Ақылға бай, тәжірибесі мол, көріпкелдігі бар Күрсарыны халық «әулие» деп атаған. Ол үлкен баласы Есенәліні пәлен жыл Ыстамбұлда, Есполды Бұхарада оқытып, жоғары білім алуларына ықпал еткен.

Есенәлі Сібір хандығында әскербасы және ханның кеңесшісі бола тұра, талай шайқастарды басқарып, жеңіске жеткен сардар болса, баласы Жабай да (Жәбеке) соғыста ерекше ерлік көрсетіп, «Батыр Жәбеке» атанған. Ол туралы Тәтіқара ақын (XVIII ғ.) «Ай, заман-ай» (70 бет):

«Ағашта биікті айтсақ, қарағайды айт,
Жігіттік ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт.
Найзасының ұшына жау мінгізген,
Есенәлі керейде өр Жабайды айт» – деп жырлаған. Еспол да ел билеу ісіне араласып, хандықта елшілік міндетін атқарып, талай елдерге сапар шеккен. Халық оны ұлғайған шағында «Еспол абыз» деп атапты. Еспол абыздың ізін жалғастырған Сақал (Сақаби), Сарыат (Сары) (Омбы облысының теріскейінде «Сарғатқа» (Сарыт) атты аудан бар). Бұрас (Бөрке), Құрман және Егде Төртқонда алған тоқалынан туған егіз ұлы Дуадақ, Төбет – алтауы да өсіп-өніп, алты рулы елге айналған. Сегіз сері (Мұхаммед Қанафия Бахрамұлы) «Елім-ай» дастанында:


«Шалқар көл орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамыменен,
Бас қосып, кеңес құрған би мен бегі», – деп жазған. Керейдің мекен еткен Сібір жерін (шұбарды) орыстар жаулап кіре

Орынбасары – Жантілес Текжанов

1901 жылы сайланған болыс – Хусайн Мусин (сақал – Жәнәлі)

1884 жылы сайланған болыс – Байдалы Жүрсінов

ҚОРҒАН БОЛЫСЫНЫҢ БИЛІГІНЕ САЙЛАНҒАН БОЛЫСТАР МЕН АУЫЛ БИЛЕРІ

1872 жылы сайланған болыс – Сәрсенбай Байғонов

Ауыл билері:

1. Базарбай Бейсенбаев
2. Бекберген Жұрынов
3. Тәлім Датов
4. Ешмұхамед Наурызбаев
5. Арғын Жолымбетов

1887 жылы сайланған болыс – Дүйсен Жангоскин (шегір)

Орынбасары – Дүйсенбі Жанғожин

Ауыл билері:

1. Жиенәлі Досхожин (бұланбай – малай)
2. Көшшіғұл Жанкин
3. Дүйсен (қу Дүйсен) Тілеулин (сақал – кепек)
4. Шілік Матике
5. Кенжебұлат Атығұлов
6. Мұқан Жолдыбаев
7. Сәрсенбай Букин
8. Елеусіз Жандыгереев

1895 жылы сайланған болыс – Серғазы Құлбеков (Үмбет сақал)

1895 жылы сайланған болыс – Есмұқан Наурызбаев

1911 жылы сайланған болыс – Бекмұхаммед Бұлхайыров

1912 жылы сайланған болыс – Сәудуақасов Нұрке


1875 ЖЫЛДАРЫ БҰРАС-ҚҰРМАН БОЛЫСЫНЫҢ БИЛІГІНЕ САЙЛАНҒАН БОЛЫСТАР МЕН АУЫЛ БИЛЕРІ

Ақсүйек болыс – Рахым Нөгербеков
Орынбасары – Мұсабек Матин
Ауыл билері:

1. Сүлеймен Тұрлыбеков
2. Сағынбек Қосапаев
3. Мұса Нұрбаев
4. Құсекей Таймурзин
5. Жапалақ Тақабаев
6. Қадырбек Есілбаев

Бұл мәліметтерде 1875-1912 жылдардың аралығында сайланған болыстар мен билердің тізімдері толығымен қамтылмағанын айта кеткен жөн шығар.

Қазақ халқы елін, жерін қорғаған батырларын қастерлеп, әрқашан жадында сақтаған. Солардан ел аузында қалғандары – Сымайлдан тараған Ақсарының Нұрымбет тармағынан Құрман батыр Кенжебайұлы, Күрсарының Есенәлісінен тараған Жабай батыр (Жәбек), Сарының ұлдары Байшегір батыр (Шегірек), баласы Байболат батыр, Бақтыбай балалары Досай, Жанжігіт, Шақаман, Кенжетай батырлар, Қанжығалы Бөгенбай батырмен талай шайқасты бірге өткізген Малай батыр (тарихтан алынған ақпарат), оның немересі Бұланбай батыр. Абылай сұлтанның қызы Айтолқын мен Жоңғар басқыншыларына қарсы шыққан Бұланбай батырдың қызы Айбике жауынгер (тарихтан алынған ақпарат), Сақал бидің немересі Байтайлақ батыр, Төбет батырдың ұлдары Өтебай, Бәйімбет, Асан, Үсен батырлар т. б. қазақ халқының ғұрпында шетте (қай жерде болсын) ажал құшқан батырларын артында қалған ел-жұрты міндетті түрде қайдан болсын еліне әкеп, туған жерінің топырағына бұйыртқан. Бұланбай батырды ата-жайлауы Жолдыөзек бойындағы Омбының Любин ауданында, Байболат батырды өзінің елі Тавричанка ауданы байдалы зиратында жерлеген. Осылай жалғастыра беруге болады. Байтайлақ батырдың төртінші ұрпағы Күзенбай атамның (1871-1944) айтуынша, жаудың жебесінен ажал құшқан батыр бабасы, ата-қонысы Үлкен Қарой маңындағы биік төбеге жерленген. Ол жерді халық «Байтайлақ батыр төбесі» деп атапты. Артынан жұрттың айтуынша, онда Күрсары керей батырлар да қойылған. Ерте заманнан қазақтар өз руымен бірге тұрып, бір зиратта жатқан. Бәйімбет батырдың ғана мәйіті Абылай ханның пәрменімен Түркістанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қойылған (тарихтан алынған ақпарат). Бүгінде «Ел аузынан» деген мәліметтердің шындығын дәлелдейтін бір ғана дереккөзі бар, ол қазақтың төлқұжаты болған, батырлардың ата-тек шежіресі. Одан мекенжайын, жүрген ортасын, шамамен өмір сүрген уақыттарын зерттеп анықтауға болады.


СЫМАИЛ КЕРЕЙ БАТЫРЛАРЫНЫҢ АТА-ТЕК ШЕЖІРЕСІ
СЫМАИЛ
АҚСАРЫ
КҮРСАРЫ
ЕСЕНӘЛІ
ЕСПОЛ
САҚАЛ БИ
САРЫ
ТӨБЕТ БАТЫР
БАЙШЕГІР БАТЫР (ШЕГІРЕК)
БАҚТЫБАЙ
МАЛАЙ БАТЫР
ӘЙТІМБЕТ
БҰЛАНБАЙ БАТЫР
КЕНЖЕБАЙ
ҚҰРМАН БАТЫР
ЖАБАЙ (ЖӘБЕК) БАТЫР
МЕҢДІБАЙ
БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР
МАҢДАЙ
КҮШІКБАЙ
БОПЫ
КҮЗЕНБАЙ (1871-1944)
СҰЛТАН (1904-1974)
ҚУАНЫШ (1938 Ж.Т.)
ДОСАЙ БАТЫР
ЖАНЖІГІТ БАТЫР
ШАҚАМАН БАТЫР
КЕГЕНТАЙ БАТЫР
ӨТЕБАЙ БАТЫР
БӘЙІМБЕТ БАТЫР (1708-1790)
АСАН БАТЫР
ҮСЕН БАТЫР
БАЙБОЛАТ БАТЫР
АЙБИКЕ ЖАУЫНГЕР

ЕСІМДЕРІ ЕЛГЕ ӘЙГІЛІ СЫМАИЛ КЕРЕЙ ҰРПАҚТАРЫ:

Біржан Тұрлыбайұлы Қожағұлов (1834-1897)

Біржан сал Солтүстік Қазақстанның Преснов ауданындағы Ақсары Керейлер маңындағы Нұралы ауылында 1825 жылы туып, балалық шағын мың жарым жылқы біткен атасы Қожағұл бидің бауырында өктізген. Атасы оны ауыл молдасының алдына беріп, хадимше (ескі арабша) оқуды танытыпты. Одан кейін Преснов, Қызылжар медресесінде оқытқан. Біржан сал жақсы оқып, қосымша түрік тілін де меңгерген, атасы Қожағұл Ақсары болысының биі сайланып, Бурабай төңірегіндегі Жөкей көлінің жағасына жайғасады. Келешекте Біржан салдың өмірі сол өңірде өтеді. Ержеткен соң ол атасының батасын алып, біржолата салдық құрып, өнер жолына түседі. 17 жасында Балқаш сұлуға ғашық болып қосылады. Оған арнап «Ғашығым», «Балқаш» атты әсем әндер шығарады. Алған әйелдері Балқаш, Ләйлә, Айтпай сұлулардың ғұмырлары қысқа болып, өмірден жастай өткен. Біржан ұлғайған шағында алып қашқан Әлпештен үш қыз, екі ұлы Теміртасты 62-ге, көпейі – Қалкенді 71-ге келгенде көреді. Біржан сал ел кезіп жүріп, Сарыарқаның талай жәрмеңкелеріне қатысып, халыққа ойын-сауық, қызық көрсетіп, өнерін паш еткен. Қазаққа белгілі Сағынайдың асында мыңдаған халықтың алдында ән сайысын бір ауыз өлеңмен бастап беріп, паң Нұрмағамбеттің қолынан жүлде алған. Біржан салдың «Көкек», «Бурылтай», «Алтын балдақ», «Ләйлім шырақ», «Жамбас сипар», «Телқоңыр», «Көлбай» және т. б. әндері, үлкендердің айтуынша, құлақтың құрышын қандырып, тыңдаушының іштегі шерін тарқатқан. Сәкен Сейфуллин Біржан салды:

«Ән салса, арыстандай ақыратын,

Әуені қалтыратып, жапыратын.

Саңқылдап, даусы кетіп алты белге,

Көркем ән маңдағы елді шақыратын» – деп сипаттаған.

Біржан сал бұрын-соңды қазақтың сал, сері ақындарының ағасы, ұстазы ретінде елге белгілі болып қалды. Көп ауырып, 1897 жылы 25 тамызда қайтыс болған. Біржанның сүйегі Бозтоғайдағы атасы Қожағұлдың зиратына қойылады (қазіргі Степняк қаласының Жермак бөлімшесі тұрған жер). Кейін ағайындарының араласуымен 1940 жылдары облыстық билік көмектесіп, зираты қоршалып, басына құлпытас орнатылды.

Манаш Қабышұлы Қозыбаев (1931-2002)

Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында өмірге келеді. 1953 жылы ҚазМУ-дың тарих факультетін бітіріп, аспирантураға түседі. Онда кандидаттық диссертациясын қорғап, тәмамдаған. Білім саласында қызмет істеп жүріп, ғылыми жұмыстармен айналысқан. Зерттеген еңбегін мемлекеттік комиссия алдында қорғап, ғылым докторы атағын алады. 1979-1986 жылдары Қаз КСР энциклопедиясының бас редакторы қызметін атқарады. 1989 жылы Қаз КСР Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланады. «Жұлдызым менің» естелік кітабында арғы атасы Матақайдың шежіресі де бар. 2002 жылдың мамыр айында Манаш Қабышұлы дүниеден озады. Осы жылы «Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне академик Манаш Қозыбаевтың аты беріліп, 2-ші корпустың алдына мүсіні қойылсын» деген қаулы жарияланып, жұбайы, балалары, ағайын-туыстары, қала жұртшылығының қатысуымен тастан қашалған мүсін ашылды.


СЫМАИЛ
НҰРАЛЫ
КЕНЖЕ (КЕНЖЕТАЙ)
КӨБЕК
ЖАНБОЛАТ
БЕРТІС
ҚОЖАҒҰЛ
АҚСАРЫ
ТЕЗЕКЕЙ
ТҰРЛЫБАЙ
БІРЖАН САЛ 1825-1897 ЖЖ
ҚАБАШ
МАНАШ (1931- 2002)
МАТАҚАЙ
ҚҰДАЙҚҰЛ
БАЙҚОШҚАР
СЕЙТІМБЕТ
МАМАНАЙ
КІСЕН
САТЫБАЛДЫ
ҚОЗЫБАЙ

Тұрлыбек Көшенов

Күрсары Керейден шыққан ел ағасы. 1832 жылғы дереккөзі бойынша, 1813 жылы желтоқсанда Ақ патшаның алтын медалімен марапатталып, подполковник шеніне дейін көтеріледі. 1893 жылы «Үш бұлақ» (Күрсары Керей) болысының болыснайы сайланып, одан 1897 жылы Баянауыл округінде аға сұлтан қызметін атқарады. 1814 жылы туған баласы Нөгербек Көшенов 1842, 1854, 1870 жылдары Ресейдің мемлекеттік Думасына сайланып, Заседатель қызметін атқарған. Қазақтың алғашқы уәкілінің бірі күміс медальмен марапатталды. Нөгербектің баласы Рақым Нөгербеков 1875 жылы Омбы уезі, Бұрас-Құрман болысының болысы сайланған.

Паң Нұрмағанбет Сағынайұлы (1848-1925)

Паң Нұрмағанбет Ақ патшадан бірнеше рет шен шекпен, алтын сағат, алтын, күміс медаль алып, тіпті өсірген асыл тұқым жылқыларының да мойнына патша күміс медаль таққан екен. Ресей патшасы Николай II-ні Омбыға қарсы алуға барғанда ақ ешкінің түбітінен басқан, іші сыртын жібекпен оюлатып, алтын күміспен әшекейлеген он екі қанат киіз үйде қазақша дастархан жасап, ас беріпті. Сол киіз үй Новгородта ұйымдастырған Бүкілресейлік асыл бұйымдар мен ұлттар өнер ескерткіштерінің, одан Париж қаласында Еуропаның көрмелеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болыпты. Бүгінде Санкт-Петербургтің Эрмитажында көрмеде тұр. Қариялардың айтуынша, Паң Нұрмағанбет 1886 жылы әкесі Сағынай байдың жылына арнап ас бергенде жүздеген семіз жылқы, мыңдаған қой сойып, 50 киіз үй тігіп, 10 мың көрпе-жастық, кәдеге 500 кілем мен 500 бұхар шапан, Сібірден 500 қымбат аң терісін, жабдықты өткізуге бірнеше мың ыдыс-аяқ алдырыпты. Қонақтардың күтуге 300 сұлу қыз бен келіншектерге қоса, 500 жігіт салт атпен табақ тартыпты. Аламан

бәйгеге жүздеген тұлпар қатысып, бақтарын сынапты. Паң Нұрмағанбет «Бас бәйге» жүйріктердің алдында келе жатып, мерт болған Құлагердікі» – деп алмаймын дегеніне қарамастан, қасына 25 жігіт ертіп әкелген Ақан серіге 25 ат, 25 түйе, бір ақ киіз үй беріпті. Жеңіске жеткен түйе балуан Қисыққа бір киіз, 5 жылқы, 5 түйе жүлде тартыпты. Ақындар сайысында атақты Шөже ақын бұл туралы:

«Сағынай, Мәті, Дәулен егізімсің,

Қолжетпес қабырғаңа семізімсің,

Жеті атаң, жеті руға жеті берген,

Сонда да таусылмайтын теңізімсің», – деп бірауыз өлеңмен Паң Нұрмағанбетті мадақтаған екен. Оның аты Орта Азия халықтарының ішінде орыс патшасына тұңғыш рет ас берген мұсылман ретінде тарихта жазылып қалған. Төрт рет Мекке Мединеге қажылыққа барған, 08.08.1908 жылғы №268 құжат бойынша Шам (Дамаск) қаласында қажылыққа барғандарға арнайы тұратын үй сатып алған. Әр кездерде бірнеше рет би, болыс сайланып, үлкен дәрежеге жеткен. Өте бай, жаратылысынан жомарт болған. Әкесі Сағынай 1885 жылы өз елі Қарабұлақта, Паң Нұрмағанбет 1925 жылы Степногорск маңаныда жерленіпті.

Ермек Серкебаев (1926-2013)

Әйгілі әнші (баритон), педагог, профессор, КСРО халық әртісі, қоғам қайраткері Ермек Серкебаев 1926 жылы 4 шілдеде Петропавл қаласында дүниеге келген. Әкесі Бекмұхамет Құсайынұлы 1920 жылдары Омбы, Қаз А.С.С.Р Сиб-рев комында М. Жұмабаев, Т. Тележанов, С. Сәдуақасовтармен қарым-қатынас жасап, бірге қызмет істеген педагог, ақын, драматург, Қазақстан жазушылар одағының алғашқы мүшелерінің бірі. Анасы Зылиқа Сабырқызы бастауыш мектептің мұғалімі болған.

Ермек Серкебаев үшінші сыныптан бастап Алматыдағы №54 мектепте оқиды. 1941-1943 жылдары Чайковский атындағы Музыка училищесінде скрипка класында сабақ алады. Тұрмыс жағдайына байланысты оқуды тастап, қазақ радиосына дикторлыққа жұмысқа тұрады. 1947 жылы Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында солист болып істейді. 1951 жылы консерваторияны бітіріп, театрға оралады. 1973 жылы Алматы консерваториясында жеке дауысты ән айту кафедрасының оқытушысы болады. Елуден астам шет елдерде өнер көрсетіп, Абай, Онегин, Фигаро, Ер Тарғынның басты рөлдерін ойнаған. Будапеште өткен Халықаралық вокалистер конкурсының лауреаты. Социалистік Еңбек Ері, Екі мәрте «Ленин» ордені, «Октябрь революциясы» ордені, «Еңбек Қызыл ту» ордендерімен марапатталған. Петропавл қаласының «Құрметті азаматы» (1990 ж.), «Жыл адамы» фестивалінің жеңімпазы (2011 ж.). Жұбайы Лидия Сергеевна, балалары Алмас – композитор, Байғали – музыкант. 2013 жылы, қарашада Алматы қаласында қайтыс болды.

Қанапия Телжанов (1927-2013)

КСРО халық суретшісі, Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ КСР сыйлығының лауреаты, КСРО сурет академиясының корреспондент мүшесі, профессор Қанапия Телжанов 1927 жылы 1 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Телжан ауылында туады. Бүгінде, онда Қ. Телжанов атындағы мектеп бар. Ертістің жағалауында Бозтөбе (Қаржас – Омбы) ата-бабаларының қонысы болыпты. 1919 жылы 21 жасында әкесі Темірболат Телжанұлы ВКП (Б) қатарына өтіп, СибРевкомның шекара анықтау комиссиясының мүшесі болғанда, Ақмола облысындағы Омбы қаласын, Омбы уезін Ресейге қосуға қарсы шығып, Қаз КСР құрамында қалдыруды талап еткендердің бірі болған. НКВД «Үштігі» қаулысымен 1938 жылы 15 сәуірде Ленинградта атылыпты.

11 жасында әкесінен жетім қалған Қанапия анасы Жамалдың арқасында 1942 жылы Алматы Көркемсурет училищесін тәмамдап, 1953 жылы Ленинградтың Мүсін және сәулет өнері институтын бітірген соң, 1953-1958 жылдары Алматы көркемсурет театрының оқу саласында ұстаз болады. 1964-1968 жылдары Қазақстан суретшілер одағы басқармасының хатшысы болып қызмет істейді. 1973-1986 жылдары Қазақстанның көркемсурет галереясының директоры болады. 1978 жылдан бастап Алматының мемлекеттік көркемсурет театр институтында ұстаздық жұмысымен айналысады. Қанапия Телжановтың «Көкпар», «Революция күзетінде», «Бозаралдықтар», «Домбыра әуендері», «Ильич аманаты» атты шығармалары бұрынғы КСРО-дағы елдермен қатар, халықаралық көркемсурет көрмелерінде Венгрия, Швеция, Дания, Моңғолия, Канада, Чехославакияда қойылған. Жоғарыда аты аталған суреттер Қазақстанның мемлекеттік өнер мұражайында сақтаулы. Ол 1964-1968 жылдары КСРО-дағы министрлер кеңесі жанындағы әдебиет пен өнер саласы бойынша Лениндік сыйлықты тағайындау жөніндегі комитеттің және Дүниежүзілік мұражай кеңесінің мүшесі болады. Қанапия Телжанов – қазақ бейнелеу өнеріне елеулі бетбұрыс әкелген суретшінің бірі, шығармашылық еңбегі үшін «Құрмет белгісі», «Қызыл ту» , «Отан», «Парасат» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасы және көптеген медальдермен марапатталған. 2013 жылы 86 жасында Алматы қаласында дүние салады.



К. Т. Тележановтың «Көкпар» атты картинасы. 1958 жылы салынған. Алматыдағы Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінде сақтаулы

Тоғжанов Ғаббас Сәдуақасұлы (1900-1938)

Қоғам, мемлекет қайраткері, филолог, лингвист, әдебиет сыншысы Тоғжанов Ғаббас Сәдуақасұлы 1915-1917 жылдары Омбы гимназиясында оқыған. 1920 жылы ВКП (б) қатарына түсіп, СибБюро, РКСМ-да қазақ жастарының бөлімін басқарып жүргенде, ГУБ.ҰҚ-ның мүшесіне тағайындалады. Мәскеуде Плеханов институтында оқып, 1927 ж. ВКП(б) Қазрайкомда баспа бөлімін басқарумен қатар, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарған. Түркі тілдес халықтарының жаңа алфавитін жасауды қолға алып басқарған топтың беделді мүшесі болады. 1920 жылдың аяқ кезінде Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов пен М. Жұмабаевтың т. б. ақын-жазушыларды «Ұлттық буржуазиялық идеолог, пантюркист, панисламистер» деп ашық айтып, әдебиет сыншысы ретінде белгілі болады. 1935 жылдан бастап қазақ жазушылар одағының төрағасы, 1937 жылы Қаз КСР өнер бөлімінің бастығы болады. 1937 жылы қамауға алынып, 1938 жылдың ақпанында ВКП (б) КСРО-ның қаулысымен жоғарғы жазаға тартылады. Сол ВКП(б) КСРО анықтауымен 1957 жылы ақталады. Ескертпе.

Тоғжанов Ғаббас табындаған жылқысы, Омбыда, оның маңайында көптеген дүкендері бар, қазақ жастар ұйымы «Бірлікке», спонсор болған. 1928 жылы кәмпескеге ілігіп, Ақтөбеге айдалған, қазақ шонжары Сәдуақас Тоғжанұлының отбасында, Сәдуақас ауылында (Жарқын) Ғаббас 1900 жылы дүниеге келеді. Ағасы Нүрке 1912-1915 жылдары болыс болған. Тоғжанның Ғаббас, Сымағұл Сәдуақасовпен аталас ағайын, бір ауылда туып, бір мектепте оқыса да, саясаттағы жолы одан басқаша болып, басқа саяси ағымды насихаттаған. Голощекин Қаз КСР-ның бірінші хатшысы, оның іс-әрекеттерін «Садвакасощина, Тогжановщина» деп бөліп айтқаны да содан.

Сымағұл Сәдуақасов (1900-1933)

Белгілі қоғам, мемлекет қайраткері, қазақтың атақты азаматтарының бірі. Кезінде Әлихан Бөкейханов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаевтармен бірге «Алаш Орда» партиясының негізін қалаушылардың бірі Сымағұл Сәдуақасов 1900 жылы бұрынғы Омбы уезі, Қорған болысының (бүгінгі Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы) Жарқын ауылында дүниеге келген. Он жасқа дейін әкесі Сәудуақас хазыреттен тәлім-тәрбие алып, Ғалия медресесін бітіріпті. 1915 жылы Полтавкадағы (Омбы облысы) екі кластық орыс-қазақ жеті жылдық мектебін тәмамдағаннан кейін ауылда мұғалім болып істейді. Одан Омбыдағы ауыл шаруашылық училищесін аяқтап, 1918-1920 жылдары «Центросибирь» кооператив бірлестігінде қызмет етеді. 1920 жылы 3 мамырда, 20 жасында Омбыда ашылған «Кедей сөзі» газетінің редакторы болып істеп жүргенде, «Нужды ауыла» мақаласында «Ауыл нуждается во всем, в нем недостает всего, там нет врачей и потому они (киргизы) массами погибают от таких болезней, от которых в цивилизованном мире не умирает, почти никто» деп жазып, дабыл қаққан. 1920 жылы қыркүйекте өткен Бүкілресейлік шығыс жастары конференциясына қатысып, онда ЦКРКСМ-ның бюро мүшесіне сайланып, СИБ БЮРО РКСМ қырғыз-татар бөлімшесін басқарады. Сол жылы Орынборда өткен Қазақстанда құрылған алғашқы жастар ұйымының бірінші хатшысы болады. Қаз АССР Кеңесінің бірінші съезінде КазЦик президиумының мүшелігіне өтіп, оны Түркістан республикасындағы сенімді уәкілі етіп бекітеді. 1923-1925 жылдары Каз АССР мемлекеттік жоспарлау комитетінің, одан кейін Халық ағарту бөлімінің басшысы қызметін атқарады.

Орта Азия аймағында алғашқы ашылған Ташкент мұғалімдер институтының директоры болады. Кир краевой комитетінің мүшесі ВКП(б)-ның XVI съезінің делегаты. 1925-1927 жылдары үш кітабы жарық көреді, оның ішінде «Сәрсенбек» атты романы да бар. 1926 жылдары «Еңбекшіқазақ» республикалық газетінің жауапты шығарушысы, оған қоса «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы қызметін атқарады, халықтың әл-ауқатын жақсартамыз деп Қазақстанда жаппай коллективизация өткізуді жоспарлаған (бірінші хатшы) саясатына қарсы шығып, газет бетінде сынға алады. Содан биліктің қуғын-сүргініне ұшырап, ол ақырында Ленинградтың көлік институтына түсіп, бітіргеннен кейін Мәскеу-Донбас шойын жолында инженер болып істейді. Мәскеуде кенеттен ауырып, Кремль клиникасында беймәлім жағдайда 1933 жылы желтоқсанда қайтыс болады. Әйелі Елизавита (Әлихан Бөкейхановтың қызы) медицина ғылымдарының докторы «улаған» деп болжам жасапты. Екеуінен туған жалғыз ұлы Ескендір Отан соғысында қаза табады. 2011 жылы Қазақстан үкіметінің қолдауымен Сымағұл Сәдуақасовтың Ресейдегі сүйегін туған еліне әкеп, Астана зиратына жерлейді.



ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ (1902-1966)

Жұмабай Шаяхметовтың ата қонысы Ақмола облысы, Омбы уезі, Шербакөл (Шабақкөл) ауданында туып өскен. 1913 жылы Ащыкөл бастауыш мектебін, одан кейін Полтавкадағы орыс-қазақ училищесін бітіріп, Бәйке-шахатта өзі оқыған Ащыкөл мектебінде мұғалім болады. Одан Теке болысының революция комитеті хатшысы, 1928-1938 жылдары Петропавл, Алматы қалаларында ОГПУ, НКВД органдарын басқарады. 1939-1948 жылдары Қазақ компартиясы Орталық комитетінің екінші хатшысы қызметін де істеген бірінші қазақ. 1946-1954 жылдары Қаз КСР ОК-нің бірінші хатшысы, 1952-1956 жылдары ЦККПСС мүшесі, ВСКССР депутаты, Қаз КСР ВС-нің II–IV шақырылымдарының депутаты. 1951 жылы «Председатель Совета национальностей Верховного Совета СССР» болып сайланады. Қысылтаяң жағдайда Қазақстанда институттар мен техникумдар, консерватория, театрлар ашады. Жыл сайын екі мыңнан астам орта мектепті үздік бітірген дарынды балаларға үкіметтен қаржы бөліп, Мәскеудің атақты университеттерінде оқытады. Бүгінгі «Болашақ» бағдарламасының алғашқы нұсқасы деуге де болады, білімі, қасиеті бар жастарды қолдап, қызметке тартып отырды. Солардың ішінде Қонаев та, Тәшенов те, Кәрібжанов

пен Тәжібаевтар да бар. Сталин Шаяхметовті «Степной Орел» («Дала қыраны») деп жай атамаған болар. Оны жоғары қызметке көтеруге ұсыныс жасағандарға Сталин «Пока замены ему не будет, Казахстан без Шаяхметова не оставлю» деген екен.

Жұмабай Шаяхметов «Ленин», «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет» ордендерімен марапатталыпты. Жаратылысынан сыпайы адам болыпты. Академиктерден кем алатын жалақысына отбасын асырап, 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, арақ ішпей, шылым тартпай, салауатты өмір сүріп, қызмет істепті. Үйінде төсек орны мен ыдыс-аяқ, кітап қоятын сөрелерден басқа артық еш нәрсе болмапты. Сталин өлгеннен кейін жаңа билік орнынан тайдырып, («Қазақстанда тың жерлерді игеру жоспарын қолдамағандықтан» деген де сөздер бар), Шымкент облысының бірінші хатшылығына ауыстырылады. Онда бір жыл істеп, жүрегі сыр бергендіктен ем алуға Мәскеуге қоныс аударып, үкімет берген бір бөлмелі пәтерде өмірінің ақырына дейін 200 рубль зейнетақымен күнін кешкен. Ж. Шаяхметовтің заманында өмір сүріп көзін көрген Кеңес Одағының батырлары Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Сағадат Нұрмағанбетовтер бір ауыздан оны «Қызметін адал атқарып, Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуына көп үлес қосқан азамат» деп, істеген жұмысына жоғары баға берген екен.

Бүгінге дейін Қазақстанды билеген үш кісінің ішіндегі 3 қазақтың ортасынан Қаз КСР Орталық компартия комитетінің бірінші хатшысы болып 1945 жылы тағайындалған алғашқы қазақ өкілі Жұмабай Шаяхметов еді.


ЖАБАЙ
ЖӘНІБЕК
ДОСАЙ
СЕРКЕБАЙ
ХҰСАЙЫН
БЕКМҰХАММЕД
ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ
ЕСЕНГЕЛДІ
МАЛДЫБАЙ
ӘБСӘЛӘМ
ТЕЛЖАН
МҰХАМЕДЖАН
ТЕМІРБОЛАТ
ҚАНАПИЯ ТЕЛЖАНОВ
МАЙЛЫБАЙ
ҚАЗЫМБЕТ
ТОҒЖАН
КҮРСАРЫ
ЕСЕНӘЛІ
ЕСПОЛ
САРЫ
ҚҰРМАН
БҰРАС
ЖӘНІБЕК
ҚОЖАМБЕРДІ
ЖОЛДЫБАЙ
КӨШЕН
ТҰРЛЫБЕК КӨШЕНОВ
БАБЫС
ҚОЗЫБАҚ
ЖИЕНҚҰЛ
ЖАНТЕМІР
ИЛИАШ
ТҰРАБАЙ
СӘДУАҚАС
СЫМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВ
СӘДУАҚАС
МАЛАЙ
БАЙШЕГІР
БАЙБОЛАТ БАТЫР
АЛДАБЕРДІ
ҚОЖАҒҰЛ
ДАУЛЫБАЙ
ЖАРАС
ЕС
САҒЫНАЙ
ПАҢ НҰРМАҒАНБЕТ
ӨТЕП
ТЕКЕБАЙ
БЕРДІБАЙ
МАҢДАЙ
БЕКТЕМІР
ШАЯХМЕТ
ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ
ҒАББАС ТОҒЖАНОВ

Үнемі жанында жүретін жас жігітті Біржан сал «Түбінде бәріміздің озатын мынау жас пері Ыбырай болады» деп айтыпты.

СОЛ ЫБЫРАЙДЫҢ КЕРЕЙ ЕЛІНЕ АРНАҒАН ӨЛЕҢІ:


«Мен жасымнан жақсыны жағаладым,
Сан жерде, сан руды араладым.
Қай жерде аттың басын тіресем де,
Керейдей мырза елді таба алмадым.

Әр жерде жүрген жерің сайран Керей,
Соятын қонағына тайдан Керей,
Біраз күн қолым тимей бармай қалсам,
Өлердей сағынамын қайран Керей.

Көрмесем, кетіремін дамылымды,
Бармасам, алатұғын сабырымды.
«Иншалла, құдай біледі» деп айтайын,
Ешқашан көрген емес зәбіріңді.

Құдайдан күні-түні мен тілеймін,
Кереймен бірге қыл деп қабірімді.»

«Үкілі Ыбырай» Сандыбайұлы (1860-1930)
Туған жері – Солтүстік Қазақстан, Тауағаш ауылы






Төртінші бөлім

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары

ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ САРЫНЫ

ЗООМОРФТЫ	ӨСІМДІК ӘЛЕМІ	КОСМОГОНДЫ	ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ
			
мүйіз	ағаш	шеңбер	сүйір
			
қосмүйіз	жапырақ	шимай	ирек
			
қыңырмүйіз	үш жапырақ	төрқұлақ	төртүшкіл
			
қазмойын	өткізбе	шұғыла	балдақ
			
табан	шиыршық	жұлдыз	қармақ
			
өркеш	гүл	айшық	тұмарша
			
өрмекші	жауқазын	бітпес	шыңжара

БІЛУ КЕРЕК

Қазақтың әдет-ғұрып, жөн-жосықтары, салт-дәстүрді сақтауы хақында

Халқымыз ата-баба дәстүрін, ғұрыпты аттамайды. Ата жолына кім болса да бас июге тиіс. Бұл ел жұртыңды сыйлап дәріптегенің. Жасы кіші болғанымен әкесі үлкен болса, оның жолы үлкен болып саналады, яғни салт-дәстүрде жол, кезек соған беріледі, мұны есте сақтаған жөн.

Табақтың басында басқа елдің, рудың, тайпаның, жүздің азаматы отырса, бас соған тартылады.

Қыз – келіндерден, ағаларынан жоғары отыруға хақы бар. Өйткені «Қыздың жолы – жіңішке» дейді қазақта.

Сәбиді бесікке салғанда, жол құдағидікі немесе сол елдің әжесіне, жақсы анасына беріледі, бесікті отпен аластайды. Бата беру, ас қайыру қонаққа немесе ақсақалға, жолы үлкенге беріледі.

Алыстан қонақ келсе, үйдің көршісі және ауыл ақсақалы шақырылады. Сыйластық белгісі осыдан көрінеді.

Алыстан келген қонаққа ауылдың үлкен-кішісі сәлем беруге тиіс. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді».

Үйге келген кісіге «кімсің?» демейді, оны төрге шақырып, қонағасы береді.

Туған-туысқанына, еліне келгендер ауылдың үлкеніне түседі немесе оларға алдымен сәлем береді. Қазақтың әдеп жолы осылай.

Көшіп келіп жатқандарға, құтты болсын айтады. Шашу шашады. Әр адам достық көңілін осылай білдіреді.

Айттық сұрағандарға, айттық беру міндет. Байғазы, көрімдік сұрағандарды құр қол жібермейді. Қуанышты хабар үшін сүйінші береді.

Үйге кірген кісіге дәм ауыз тигізген. Дәм қашан да достыққа, сыйластыққа шақырады. Келген жұмысын тұрып айтпайды отырып, асықпай айтады.

Айыпкерлер айыбын төлеп, кешірім сұраса, қарсы жақ кешірім жасауға тиіс.

Олжасын жолдасына ұсынады немесе бөліседі. Аты озып келгендер, жыққан палуандар, жеңген ақындар алған бәйгесін елдің ақсақалдарына, әруақ орнына, үлкен шаңыраққа байлаған.

Той бастарға немесе беташар айтқандарға кәде беріледі.

Достың, жақын адамдардың және басқа адамдардың қалағанын беру мәрттік, мырзалық, әрі ұлы дәстүр.

Соғым сойған күні көршілер шақырылады. Танысып келген қызға лайықты сый-сияпат ұсынады.

Ауыр қылмыс жасағандар қатаң жазаланады немесе елден қуылады. Олардың артынан бір уыс топырақ шашады. Бұл қылмысты болдырмаудың жолы.

Қонақ қондырмау, қонақ шақырмау – ұлттық дәстүрімізді сыйламайтын, жөн-жосықты білмейтіндердің ісі.

Құрметті, сыйлы адамдарды сыйламау – арсыздық.

Халық заңы – ұлттың дәстүр-салтын ұстанбаған және оны сыйламаған адамдарды жазалаған. Ондайлардан халық сырт айналған.

Жетім баланың басынан сипайды, жесірге көмек береді, қайыршыға садақа ұсынады.

Асты жамандамайды. «Асты жамандама – құстырар, ерді жамандама – пыстырар».

Қонаққа домалақ жілік, жамбастың шұқыршағы салынбайды. Қазақтың ұғымында бұл кәдесіз сүйектер саналады.

Қызға кәрі жілік ұсыну – әбестік.

Күйеуге, қызға төс тартылады.

Ақты (сүт, айран, қымыз) жерге төкпейді.

Малдың желіні кетеді.

Көшіп келген отбасына «ерулік» береді.

Елшіні өлтірмейді, «Елшіге өлім жоқ» деген содан қалған.

Тойға, қуанышқа барғанда құр қол бармайды. Той жасағандарға «тойғана» сый-сияпат, мүшел тойға сыйлық, үйлену тойына «немеурін», құдалыққа «кит» апарады.

Көшкен отбасы «айрылысар» көже береді. Келген кісіге үй иесі өкпесін айтпайды.

Қонаққа шақырғанда, сол қонақтың өз баласына шақырту сыйлағандық емес.

Алыс сапарға аттанғанда емделушілер елдің сыйлы ақсақалдары мен аналарынан бата алады. Қара шаңырақтан, әулие-әмбе орындарынан дәм татады. Сәрсенбі сәтті күн, қазақ игі істерді, қызық-қуанышты осы күні бастайды.

Сейсенбі сәтсіз күн, сапарға шықпайды, іс бастамайды. Бейсенбі, жұма – исламның қасиетті күні. Бұл күні әр

адам әруақтарды еске алады, дұға бағыштайды. Қызы босанғанда анасы «кәде жорасымен» барып, қызының жанында болып, ақыл-кеңес береді.

Қазақтар әр кезде жылы, сыпайы сөйлескен. Ұлт мәселесіне қатысты әрбір іс халықтың дәстүр-салтына сәйкес жасалуы тиіс.

Әкеңнің ағасы – саған да әке болып саналады. Әкеңнің құрдасын да әке деп қабылдауың керек.

Жылқыны жүгенімен ұрмайды. Өйткені жылқы қасиетті мал, малдың басы кемиді.

Қазақ қонаққа келген үлкен кісілерге сый-сияпат, балаға көгендік беріп аттандырады.

Асқа, жаназаға сойылған жылқы мен түйенің басын қайтыс болған кісінің қабіріне апарып қоятын дәстүр бар. Қазақ әйелдері барған үйіне құр қол келмейді. Сол сияқты анасы да оны бос жібермейді, сый-сияпат ұсынады.

ОТБАСЫНДАҒЫ ЖӨН-ЖОРАЛҒЫ

Жеті атаға толмай некеге рұқсат етілмейді. Бұл ұлт дәстүрінде туысты қалыпты сақтау, қоғамдық істерде ұрпақ денсаулығының жақсы болуы үшін жасалған.

Бұрын жалғыз ұл соғысқа алынбаған. Бұл шаңырақ сақтау үшін белгіленген.

Баланың кіндігін кесу инабатты, жақсы әйелдерге тиген. Жиеннен нағашының жолы үлкен, «Нағашымен күрескен жиен жығылады» деген осыны білдіреді.

Өртте, індетте, апатта мал-мүлкі шығын болғандарға бүкіл ауыл, туған-туыстар міндетті түрде көмек көрсетеді. Адамдардың ынтымағы осындайда көрінеді.

Сырттан қосылған малды ел-жұртқа хабарлайды. Мал иесі сүйіншісін беріп, малын әкетеді.

Араздасқандарды ел ағасы, ақсақалдары татуластырады. Үйге келгендер қамшысын екі бүктеп ұстайды. Үйленген ұлдарға әке-шешесі енші беріп, бөлек шығарады.

Оттың орнын аттамайды.

Қара шаңырақ кенже ұлға қалады. Әке-шешені бағу да осы кенженің міндеті.

Енші алған балалары әке-шешелеріне, жақын туыстар үлкендеріне қыстай сыбаға жібереді. Жиендік жасап, «жиен құрық» алып кеткендерге ренжу дәстүрде жоқ.

Асарға, үмеге шақырғанда қалыс қалу өте ұят. Туыс, ілік адамдар қуанышты, қазалы күндерді бірлесіп көтереді, атсалысады, көмек береді және осы іске араласады.

Емге сұраған зат сөзсіз беріледі. Өйткені ол денсаулық, өмір үшін сұрап отыр. зәру затты «емге сұрасаң да табылмайды» деген сөз осыдан шыққан.

Сұрағандарға қарыз беру – үлкен адамгершілік. Егер сұраған адам «Пайғамбар қарызы» деп сұраса, оған сөз айтпай беру керек. Пайғамбарды атағаны, оның қатты қысылып тұрғандығының, әрі сөзі қайтаратындығының белгісі, әрі кепілі.

«Жылу» жинағанға ел-жұрты көмек береді (Мал, ақша, т. б.).

Иесі сатқан малының сілекейін орамалмен сүртіп алады, «Мал сілекейі» деген ырым мал басы кемімесін, киесі кетіп қалмасын деген қағидадан шыққан.

Үйге келген кісіні жылы шыраймен қарсы алады. Ұзатылып бара жатқан қыз артына қарамайды. Біреудің жақыны (әкесі, шешесі, бауыры, баласы т.б.) қайтыс болса, сыйласқан адамдар сол кісіні үйге шақырады. Бұл ұлттың ежелден келе жатқан дәстүрі. Жігіт қызға, жас палуан қарт палуанға, жас ақын аға ақынға жолын береді. Бұл мәрттіктің, қазақы қалыптың шын белгісі.

Көршімен тату тұру – жақсы қасиет. Туыс-туған, ілік жекжаттармен араласып, құраласып тұру – ұлттық парыз.

Жақын-жуық, дос-жарандарды үйіге шақыру, олар шақырғанда кешікпей бару ежелден қалыптасқан дәстүр.

Қарттарға сәлем беру, науқастың көңілін сұрау – азаматтық үлкен міндет. Күйеуі қайтыс болған әйел жыл толмай тұрмысқа шықпайды.

Нағашы-жиен, жезде-балдыз жарасты әзілдесіп, қалжыңдасып отыруы – ежелгі әдет. Екі қабат әйелден ажыраспайды. Сол сияқты, ондай әйелмен некеге отырмайды. Әйел босанғаннан кейін рұқсат етіледі.

Үлкен кісілер жақсы көретін жасты арқасынан қағатын ғұрып бар. Баласына қалыңдық іздеген ата-ана әулетінде ұрпаққа зиянды, тұқым қуалайтын ауру жоқ отбасына құда түседі.

Жұқпалы ауру, қояншық, алапес дерттерінен өлген адамдарды оқшау жерлеген. Қайтыс болған ұлының әйеліне атасының үйленуіне жол жоқ.

Оң жақта отырып, екіқабат болып қалған қыз қалыңсыз беріледі.

Әйелдер қолын жумай малдың желінін ұстамайды, кірдің суын аяқ басатын, көз көретін жерге төкпейді. Күлді баспайды.

Жыртқыш, арам құстардың етін жеуге болмайды. Жол, жөн сұрағандарға бағыт сілтейді, жолға салады, шаршап шалдыққандарға сусын, тамақ беріп қамқорлық жасайды, тыныс алдырады.

Қиын сәттерде жолдасын жолда тастамайды. Дастархан үстінде әбес, былапыт сөз сөйлемейді. Мұндайларға «дастархан үстінде отырмыз» деп ескерту жасайды.

Біреудің үйінде ірілік, дөрекілік жасамайды. Ондай жағдайда «Шаңыраққа қара» дегенді айтады.

Үкі тағылған, яғни айттырылған қызға құда жібермейді, сөз салмайды.

Арақ ішу – жамандықтың тура жолы. Әкесіз бала туған әйелге құрмет көрсетілмейді.

Ұзатылған қыздың жыл толмай өз үйіне келуіне рұқсат жоқ. Ол әбестік, ұят іс болып саналады. Қазақ әйелі орындыққа аяғын айқастырып отырмайды.

Ұры, барымташы қылмыс үстінде қаза тапса, оған құн төленбейді.

Асарда, үмбеде, қолқабыста ешкім ештеңе ақы сұрамайды.

Қарызға алған ұрғашы мал жыл өткен соң төлімен қайтарылады.

Ертеде, қара бет болған әйелдің бұрымын кесіп жазалаған. Бұрын қазақ арасында бұрымсыз әйел мүлдем болмаған.

Малдың өрісін, жусауын, тынысын бұзғанға айып салынған.

Қасқыр ішікті адамның жанындағы кісі суықта үсіп келсе, ішікті құн төлеген. Өйткені бір қасқыр ішік екі адамды суықтан сақтап қалады.

Бір кісінің екі қызын қатар әйелдікке алуға рұқсат етілмеген. Егер алған әйелі қайтыс болса, екінші қызын алуға болады. Үйге келген кісіге «сен кімсің?» демейді, ықылас білдіріп, төрге шақыру – ата дәстүріміз.

Қонақтың көлігін мінбейді, ұнамды затын сұрау – қазақ әдетінде жоқ, ұят іс болады. Қонақ келгенде үй сыпырмайды, балаларына ұрыспайды, үй иелері

ренжіспейді. Қонаққа ренжу ұлт әдетінде мүлде жоқ.

Сапарға шыққанда «пәлен уақытта келемін» деп жол кеспейді.

Қонақтың киімін кимейді.

Күйеу «бас» ұстамайды. Күйеу мен қыздың төл сыбағасы – төс пен асықты жілік.

Жасы үлкен болса да әкесі бар адам бас ұстамайды.

Құлаған үй ішіне, мал қорасы ішіне дәретке отырмайды, киесі жұғады.

Кешке, түнде ауру адамның көңілін сұрамайды. Кедей-кепшікті, жетім-жесірлерді демеу үшін бұрынғы байлар мен мырзалар шүлен таратып, оларға мал-мүлік, азық-түлік үлестірген.

Ең жақын туысы, ілігі қайтыс болғанда жол-жөнекей айта салмай, жөн білетін кісі әдейі барып естіртеді.

Жаңа түскен келінді күйеудің туыстары арнайы «үй көрсетуге» шақырады. Оған дейін келін ол үйге бара алмайды.

Күйеуді қыздың (келіншектің) туыстары да үйіне шақырады. Оны «Есік ашар» деп атайды. Қонаққа үй иесі аттанарда «бұйымтайыңыз бар ма?» деп сұрайды. Бұл «тілегіңіз, қалағаныңыз бар ма» деген сөз. Қонақтың тілегін орындау – парыз, әрі құрмет.

Батыр, ақын, әнші және сол сияқты көпке белгілі, құрметті адамдардың отырған орнына қазақтар жас балаларын аунатып, сондай болсын деп тілек тілейді.

Шалбарды отырып, оң аяқтан киеді, сол аяқтан шешеді.

Құрдас адамдар қалжыңдасып, әзілдесіп отырады, мұны ерсі санауға болмайды. Құрдастың қалжыңы басқа халықтың дәстүрінде жоқ, тек қазақтарда ғана бар. Кәрі кісілерге жұмсақ, дәмді тағамдар даярлап апарып сыйлайды. Мұны «Бел көтерер» деп атайды.

Жас босанған әйел итке «кет» десе, оның тісі түсіп қалады деген халық жорамалы бар.

Қыз алған жақ қыздың анасына «Сүтақы», әкесіне «Жігіт-түйе» деген тарту жасайды. Ол қымбат киім, кілем, ат т. б. болуы шарт. Халықта «Астың аласы жаман» деген сөз бар. Дастархан үстіндегі адамдарға тамақты бірден береді.

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Аққуды атпайды. Ол өте киелі құс, киесі соғады. Ауыл қасындағы суда жүрген құсты атуға, үркітуге болмайды.

Балапан шығарған құсты атпайды. Ел су алып отырған жерге шомылмайды.

Құс ұясын бұзбайды, құмырсқаның илеуін баспайды, су алатын жерге дәретке отырмайды, кір жумайды, күл төкпейді.

Далада, жолда тұрған жалғыз ағашты кеспейді (Ол қыста белгі, жазда пана ретінде сақталған).

Әлара кезінде жұмыс бастамайды, көшпейді, той жасамайды.

Буаз, төл ерткен аңды атпайды. Жаңа өсіп келе жатқан көкті жұлмайды, «көктей солғыр» деген қарғыс осындайдан шыққан.

Халық жердің, судың, ауаның тазалығын сақтауды ежелден білген, өсімдіктерді құрып кетуден сақтау үшін жиі-жиі қоныс аударып отырған.

Жаңа айды көргендер «ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп бата жасайды.

Күн күркіремей, суға түспейді, дала жуасын жемейді, түнде суға түспейді, бармайды. Адам шошынуы немесе ауруға шалдығуы мүмкін. Құдыққа түкірмейді, маңайын ластамайды. Отпен ойнамайды. Отқа түкірмейді, отты аттамайды.

Суды қарызға сұрамайды және қарызға бермейді. Су сұрағандарға беру – міндет. Су бермеу – өте жаман іс. «Судың сұрауы бар» деп, қазақ суды да, ысырап жасамаған. Су ішіне дәрет жібермейді.

Өрттен немесе басқа табиғи апаттан құтқару жұмысына шақырмай-ақ бару – міндет.

Батар күнмен таласып жұмыс істемейді, күн батар кезде ұйықтамайды.

Жар басына, суға өте жақын жерге үй тікпейді, күнге, айға қолын шошайтпайды.

Құмырсқаның илеуін, құстың ұясын бұзбайды. Құмырсқаның илеуін басқан әйел бала көтермейді деген қағида бар.

Жол үстінде көлік доғармайды, жол үстіне қонбайды, дәретке отырмайды. «Ауруға шалдығады» деп, жаңа туған баланың жолдасын аяқ баспайтын жерге терең қазып көмген.

Аспаннан бір жұлдыз ағып түссе, оны көрген адам «Менің жұлдызым жоғары» деу керек. Тұз қасиетті зат, сондықтан оны баспайды, далаға төкпейді, ысырап жасамайды.

Ит – қазынаның бірі, күшігінен асыраған ит өлсе, иесі оның аузына нан мен май жағып, аулаққа көмеді.

Уылдырық шашар кезде балық ауламайды. Терісі бағалы аңдарды оның жүні жетілген кезде, яғни қыстың күндері, көктем басыла ғана аулайды.

Түнде астың, судың бетін жауып қояды. Үйге (көбіне киіз үйге) кірген жыланның басына ақ құйып (айран, сүт .т.б.) шығарып өлтіреді.

Малды зәбірлемейді, басқа ұрмайды, теппейді, жауынды, дауылды, боранды күндері жолға шықпайды, себебі өмірге қауіпті.

ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Кездескен адамдар бір-бірімен «Ассалаумағалейкум» – деп сәлемдеседі. Бұл сізге «Нұр жаусын» деген сөз, сәлем алушы «Уағалейкумассалам» – дейді. Бұл сізге де «Нұр жаусын» деген сөз.

Таңертеңгілік немесе таң атып келе жатқанда кездескен адамдарға «Қайырлы таң болсын» деп тілектестік білдіреді.

Наурыз күні «Ұлыс құтты болсын!», «Төрт түлік ақты болсын» деуді ұмытпаған жөн.

Жаңа жылға «Жыл құтты болсын! Бақыт, табыс жылы болсын» деп құттықтайды. Халық әдетінде әрбір істі, тамақты «бісміллә» деп бастайды.

Кешкілік үйге келгендер «Кеш жарық» деп кіреді. Қазақ әрбір сәтті күнге, қуанышқа, мәжіліске, тойға келгенде «Құтты болсын» деген игі сөзді қосып айтады.

Мәжіліске немесе бірнеше адам бас қосқан жерге келген адам «Орта толсын» дейді, үйдегілер «Кемісі сізбен толсын» деп орын ұсынады.

Тойға жиналғанда «Той-тойға ұлассын» деп құттықтайды. Мұны қабыл алғандар «Айтсын», «Айтқаның келсін», «Бірге болсын» деген жылы сөздермен қарсы алады.

Жұмыс немесе іс басына келген адам «Іске сәт» десе, оған «Айтсын-ақ» деп жауап береді.

Жаңа үйленген жастарға «Құсың құтты болсын», «Отау берік болсын» деп құттықтайды.

Ас үстіне келгендер «Ас тәтті, демді болсын» дейді

Жаңа қоныстанып жатқандарға «Қоныс құтты болсын» деп жөн сұрасады.

Көшіп бара жатқандарға «Көш оң болсын», «Көш көлікті болсын» деп тілек білдіреді.

Жолаушыдан «Қайда барасың?» – деп сұрағаң дұрыс емес.

«Жол болсын, жолдасың қыдыр болсын», «Сапар сәтті болсын» – деу керек. Ол «Әлей болсын» – деп жөнін айтады.

Зат, бұйым сатып алғандарға «Игілігіңе тұтын» деген жөн, киім сатып алғандарға «Киімің үйрек, жаның берік болсын» деп айтады.

Соғым сойған үйге «Бұйыртып жегізсін» дейді.

Алғаш күн күркірегенде «Жер көк болсын, ақ көп болсын» деп тілек тілейді.

Мал төлдетіп жатқандарға «Төл көбейсін» дейді.

Мал айдағандарға «Айдар көбейсін» дейді.

Бәйгеге ат қосқандарға «Шабар көбейсін» дейді.

Егін егіп жатқандарға «Бір дәнің – мың дән болсын» дейді.

Ораза ұстағандарға «Ораза қабыл болсын» деу керек.

Адам түшкірген кезде «Жәркімалда» дейді.

Мал түшкірген кезде «Түш жануар» деу керек.

Шашалған адамға «Май қап» дейді.

Жел шығарып қойған адамға «Шөремді бер» деп, құлағынан тартып ұялтады.

Ризалық белгісі, алғыс айту «Рахмет» деген сөзбен беріледі.

Ауырған адамның көңілін сұрап «Тез сауығыңыз», «Дертке шипа берсін» деп тілектестік білдіреді.

Дүние-мүлкі, малы шығынға ұшырағанда «Қайырлы шығын болсын» деп көңіл білдіреді.

Тумалы болған отбасына «Бауы берік болсын, өмірі ұзақ болсын» деп тілек айтады.

Сәби шетінесе «Қияметте шапағатшы болсын» деп көңіл айтады.

Ересек адам қайтыс болса «Иманды болсын» деп бет сипайды.

Ашу үстіндегі кісіге «Пәленшеке, бір ашуыңызды маған беріңіз» деп басу айтады.

Төбелескен кісілерге «Араша, араша» деп тоқтамға шақырады.

Құдайы бергендерге «Құдайы қабыл болсын» дейді.

Қолқабыс, көмек, жәрдем бергендерге «Бақытты бол, өмірің ұзақ болсын» деп ризалық білдіреді.

Тіл-көзі тимес үшін «Тіл аузым тасқа, тіпә-тіпә» деу керек.

Сәби жөтелсе «О, тасқа тигір!» деп жөтелді қарғайды.

Әрбір жетістікке, табысқа қол жеткенде, тілегің қабыл болғанда «Е, Алла бергеніңе шүкір», «Тәубе» деп шүкіршілік етуді ұмытпаған жөн.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫНДА

Үлкенге – сәлем,
Қуантқанға – сүйінші,
Соғымнан – сыбаға,
Егіннен – кеусен,
Малдан – көгендік,
Сәбиге – көрімдік,
Төркіндеген қызға – қалау,
Көрші қонғанға – ерулік,
Көшкенге – айырылысар көже,
Досқа – ескерткіш,
Жетім-жесірге – қолқайыр,
Балаға – базарлық,
Киімге – байғазы,
Мүсәпірге – садақа,
Алғашқы қымыздан – «қымыз мұрындық»,
Соңғы қымыздан – «Сірге қияр»,
Тойға – тойхана,
Құдалыққа – киіт,
Үйлену тойына – немеурін,
Азаматқа – сыйлық,
Қуанышқа – шашу,
Сыйлағанға – сәлемдеме,
Асқа – саба (қымыз), сойыс
Қазаға – аза апарады.

ӘРҚАШАНДА

Қуанса – той,
Қорықса – «Ақсарбас»,
Шошыса – құдайы,
Ауырса – садақа,
Байыса – шүлен,
Оразада – пітір,
Малдан – зекет,
Олжасынан – тәбәрік,
Шөлдегенге – су,
Шалдыққанға – көлік береді.

ДІН ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАҒИДАЛАР

Дінін сатпайды. Ондайлардың жазасы өлім.

Аллаға, дінге, аруаққа қарсы ғайбат сөз айтпайды. Ол дінсіздің ісі.

Мұсылман баласы қабір тұсынан бет сипамай, дұға оқымай өтпейді.

Таныс адамдардың қазасын естіген кезде, «Иманды болсын» деп, бет сипайды.

Жылағанды жұбатып, тоқтау айтады. Мұңын тыңдайды.

Халықтың діни әдеті бойынша, беті әрі қарағаннауқастың жанында күзетке отырады, науқас жан тәсілім жасағанда иманы айтылмаса, оны «арам өлді» дейді. Бұл кейінгілерге үлкен мін.

Құранды жоғары жаққа қояды, дәретсіз ұстамайды, мұсылман баласы құранға аяғын қаратып жатпайды.

Өлі туған сәбиге ат қойылмайды.

Құран оқып жатқанда жалаңбас отырмайды.

Аты-жөні белгісіз адамға жаназа шығарылмайды.

Басы жоқ (мұндай да болады) адамға жаназа шығарылмай жерленеді.

Әйелдер ғұсылсыз, дәретсіз бала емізбейді.

Мұсылман баласы «Бісмілләсіз» тамақ жемейді, іс басталмайды.

Мұсылмандарға доңыз етін жеуге тыйым салынған.

Қасиетті бейсенбі, жұма күндері өзін таза, әдепті ұстайды. Әбесе, ғайбат сөз айтпайды. Бұл қасиетті дінімізге құрмет белгісі. Әруақтарға дұға оқытылады.

Намаз оқыған адамның алдынан өтпейді.

Егер басқа дін адамы «Ассалау» деп сәлем берсе, онда оған «Уағалейкүм» деп қана жауап береді.

Қайыр садақа сұрағанда, садақа тастайды. Егер ол басқа дін адамы болса сол қолымен тастайды.

Балиғатқа жеткен адамдар (балалар) намаз оқып, ораза ұстауға міндетті.

Құран оқып жатқанда, әйел қауымы шашын көрсетпейді.

Құран оқып жатқанда ешкім жалаңбас отырмайды.

Құран оқып жатқанда үн шығармайды, сәлемдеспейді, сөйлеспейді, орнынан тұрмайды.

Құранды, хадистерді, дін кітаптарын дәретпен ғана ұстайды. Оларды таза жерге қояды.

Айт, ораза, наурыз күндері бейпіл сөз айтпайды. Жат, ерсі қылықтар жасамайды.

Мешітте, қайғылы жерде дүние сөзін сөйлемейді, мешітте орынға таласпайды.

Намаз оқып отырған адам қандай жағдайда болмасын намазын бұзуға болмайды.

Ораза кезінде өзіңмен біреу жанжалдасса немесе қатты сөзге барса, сен «Аузым берік» еді деуің керек. Онымен сөз жарыстырма.

Дін адамдарына сәлем беріп, құрмет көрсетеді.

Айт кезінде «Айттық» сұраудың ерсілігі жоқ, сұрағандарға да «Айттық» беру керек.

Ислам әдебі бойынша жаназа шығарылып жатқанда түрегеп тұруға болмайды.

Айт – мереке, әрі қасиетті күн, бұл күні әр адам өзін таза ұстайды. Әр үйге кіріп «Құтты болсын» айтады.

Құрбан айтында ауру, ақсақ, соқыр малды және жылқыны құрбанға шалмайды.

Қорымға қол шошайтпайды, ол аруақтарды сыйлау.

Әр үйде бір құран болған жөн. Бұл мұсылмандық, әрі оған деген құрмет пен ықылас белгісі.

Қайтыс болған адамның отбасына туыстары мен іліктері көңіл айтады, бата жасайды.

О дүниелік адам туралы әңгіме болғанда оны еске алушы адам «жер хабарын бермесін» дейді.

Жақсы сөз, тілек естісе немесе бата алса «Әумин, періштенің құлағына шалынсын» деу керек.

Ата-ана, туған туыстар қабіріне барып дұға оқу әрбір тірі адамның парызы.

Кейбір адамдар (әсіресе дүниені көп жинайтын) жан-тәсілім алдында қатты қиналады, ауыр азапқа түседі. Мұндайда бір затты (табақша, ыдыс, пышақ, т.б.з) сындырады.

Бата қылған немесе көңіл айтқан адамдар басқа үйге кірмейді. Бұл аруақты сыйлау және адамгершілік белгісі.

Жоқтауға қатысқан әйелдер 3 күнге дейін ас-суға, дастархан әзірлеуге араласпайды.

Әбден тозығы жеткен құранды, хадистерді т. б. қасиетті кітаптарды жағып, аяқ баспайтын жерге көмеді.

Қабір басында артық қалған құрылыс заттарын үйге әкелу жаман ырым. Иесінің рұқсатымен оны басқа адамдар қабір құрылысына пайдалануға болады.

Ораза ұстағандар өтірік, өсек айтпайды, арнайы әбестік, артық сөздерден өзін тыйып ұстайды. Ондай жағдайда ауызы ашылып кетеді. Оразасы қабыл болмайды.

Сейсенбі күні жолға шықпайды, той жасамайды, құрылыс іс бастамайды. Өйткені Қабыл Әбілді осы күні өлтірген қанды күн.

Басқа діннің де жол-жоралғысына құрметпен қарау керек. Оны мазақ етуге болмайды.

ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАР

Үш жұрт

1. Ағайын жұрт. 2. Нағашы жұрт. 3. Қайын жұрт

Үш байлық

Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық,

Үшінші байлық – қорадағы бес саулық.

Үш қуат

1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3. Тіл қуат.

Үш арсыз

1. Ұйқы арсыз. 2. Тамақ арсыз. 3. Күлкі арсыз.

Төрт түлік

1. Түйе. 2. Жылқы. 3. Сиыр. 4. Қой.

Төрт күнә

1. Аллаға күмән келтіру. 2. Нақақ қан төгу.

3. Ата-анаға тіл тигізу. 4. Өтірік куә беру.

Бес парыз

1. Құдайдың барлығын, Мұхамедтің пайғамбарлық қасиетін мойындау.

2. Намаз оқу. 3. Ораза тұту. 4. Пітір садақа беру.

5. Қажылыққа бару.

Алты алаш

1. Қазақ. 2. Қарақалпақ. 3. Өзбек. 4. Түркімен. 5. Қырғыз.

6. Жайылған (Төле би).

Жеті қазына

1. Ержігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл-білім. 4. Жүйрік ат.

5. Қыран, бүркіт. 6. Берен мылтық. 7. Жүйрік тазы (ит).

Жеті жетім

1. Тыңдалмаған сөз жетім. 2. Киюсіз тозған бөз жетім. 3. Иесіз қалған жер жетім. 4. Басшысы жоқ ел жетім. 5. Аққу, қазсыз көл жетім. 6. Жерінен айырылған ер жетім. 7. Замандасы қалмаса бәрінен де сол жетім.

«ЖЫЛ ҚАЙЫРУ»

«Жыл қайыру» тәсілі өткен жылдарды есептеуге, одан адам жасын анықтауға қолданатын ыңғайлы есептік жүйе. 13 жаста бір мүшел, екі мүшел 25-те, үш мүшел 37-де, төрт мүшел 49-да, бес мүшел 61-де, алты мүшел 73-те, жеті мүшел 85 жаста және солай жалғаса береді.

тышқан	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020	2032
сиыр	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021	2033
барыс	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022	2034
қоян	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023	2035
ұлы	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024	2036
жылан	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2025	2037
жылқы	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2026	2038
қой	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2027	2039
мешін	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2028	2040
тауық	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2029	2041
ит	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2030	2042
Доңыз	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2031	2043

Жыл басы тышқан және ол наурыз айының 22-сінен басталады. Кестеде «Бүгінгі жыл санауымен ескі жыл» қатар берілген. Ескіше өзінің қай жылы туғанын білгісі келгендерге, туған жылын он екіге бөлгенде қалдықсыз шықса, ол мешін жылы болғаны, қалдық біреу болса тауық, екеу болса ит, үшеу болса доңыз жылы, сөйтіп жалғаса береді.

«Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзің біл» (Абай)

ХАЛЫҚ АЙТСА, ҚАЛТ АЙТПАЙДЫ.

Көппен көрген – ұлы той.
Жұмыла көтерген жүк жеңіл.
Мал баққанға бітеді.
Сақтықта қорлық жоқ.
Өлімнен ұят күшті.
Орнында бар оңалар.
Жазмыштан озмыш жоқ.
Жері байдың – елі бай.
Жаны саудың – тәні сау.
Көз қорқақ, қол батыр.
Тату үйдің тамағы тәтті.
Тай тулап үйірінен шықпас.
Басы қатты болса, аяғы тәтті болады.
Саусақ бірікпей, ине ілікпейді.
Жүгірген алмайды, бұйырған алады.
Тас түскен жеріне ауыр.
Адасқанның айыбы жоқ.
Қырықтың бірі – Қызыр.
Алтынды тот баспайды.
Үміттің оты сөнбейді.
Керек тастың ауырлығы жоқ.
Үйірі басқаны ноқта қосады.
Нар жолында жүк қалмас.
Көз жетпеген жерге сөз жетеді.
Ақыл – дос, ашу – дұшпан.
Айтылған сөз – атылған оқ.
Алмақтың да салмағы бар.
Қамданған қапы қалмайды.

Бөлінгенді бөрі жейді.

Қимылдаған жар асады.

Ақымақтың ала-құласы болмайды.

Тамыздығын тапса таста жанады.

Күшенген жеңбейді, күші көп жеңеді.

Күлме досқа, келер басқа.

Сойылды соға білмеген өзіне тигізеді.

Басқа пәле – тілден.

Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді.

Ашу тасыса, ақыл төгіледі.

Удың бетін у қайтарады.

Жындыдан жымысқы қауыпты.

Ойнақтаған бота от басады.

Елемеген бұтақ көз шығарады.

Қазаны басқаның қайғысы басқа.

Құм жиылып тас болмас.

Асыққан етегіне сүрінеді.

Киіз кімдікі болса, білек сонікі.

Жеп тоймаған, жалап тоймайды.

Қолы ашықтың – жолы ашық.

Қаны бірдің – жаны бір.

Береке алды – ынтымақ.

Басы аманның малы түгел.

Қанағат қарын тойғызады.

Келісіп пішкен тон келте болмайды.

Таспен атқанды аспен ат.

Берсең – аларсың, ексең – орарсың.

Ауылдағының аузы сасық.

Аңыз түбі – ақиқат.

Естімеген елде көп.

Іздесең – табасың, қусаң – жетесің.

Сенімсіз адам, сезімсіз адам.

Айтпаса сөздің ағасы өледі.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ДАУА ЖОҚ.

Үлкен пышақ ұялғанынан өтеді.

Тістің сырын тіл біледі.

Әркім өз бойына қарап тон пішеді.

Аштың ақылы астан әрі аспайды.

Таң атпаймын дегенмен, күн қоймайды.

Тістейтін жылқы, тісін көрсетпейді.

Қасқыр қарызын терісімен төлейді.

Ит иттігін істемей қоймайды.

Кәрі жылқы есекке үйір келеді.

Қисық бұтаққа қызыл жиде шығады.

Бал тамған тілден, у да тамады.

Әркім қолдағы барын қошқар қояды.

Үлкен түйеден үлкен құмалақ қалады.

Қайыршының үлкен-кішісі болмайды.

Қастерлесе, қуағашқа қасиет бітеді.

Балықтың тілін бақа біледі.

Атақты ұры аштан өледі.

Түйені қой ішінде жасырмайды.

Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді.

Ауласында жүрсе, әтеш те паң.

Жемді көрген торғай, торды көрмейді.

Итке үкі жараспайды.

Арпасыз дорбаны ат та силамайды.

Алжыған төбет айға қарап ұлиды.

Саңырауға сәлем берсең, атаңнын басы дейді.

Бастықтың өтініші де – бұйрық.

Көп жорытқан түлкі терісінен айырылады.

Қолын былғаған, бетін де былғайды.

Ұры ит қапқанын елге айтпайды.

Мысық жоқта тышқан кісінейді.

Тасқа тісі өтпеген – жалайды.

Қасқыр күшігін үруге емес ұлуға баулиды.

Мәстек мақтағанмен тұлпар болмас.

Құтырғаннан құтылғанның өзі олжа.

Ханның қақырығы да түкірік.

Түйенің жантақ жемесе тісі қышиды.

Тентек шоқпар жинайды.

Көлеңкеде отырған ит күнге үреді.

Арақ шынысынан басқаның бәрін бүлдіреді.

Мысық жоқта тышқан бас мүжиді.

Бауыры жоқ бағанды құшақтайды.

Желге желіндеген – мұзға бұзаулайды.

Арыстанның апанына түнеп шыққан ешкіден қорықпайды.

Күтімі жаман ағаштың – бітімі жаман.

Қаппайтын ит алыстан үреді.

Соқыр атқа қотыр ат үйір.

Тауық шақырмай да таң атқан.

Қошқардың жайын қой баққан біледі.

Бөрінің ұрты жесе де қан, жемесе де қан.

Бақаның тойы – батпақта.

Иттің адамнан айырмашылығы – көршісіне үрмейді.

Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады.

Қасқырдың қуғаны «жеймін» дегені.

Диірменде туған тышқан дүрсілден қорықпайды.

Соқыр тауыққа бәрі бидай.

Жалаңаш кісіні ұры тонамас.

Бөденеде мекен жоқ, қайда барса быт-былдық.

Ақша ашпайтын құлып жоқ.

Үйшігі жоқ ит қабаған болады.

Сұм сипап отырып шымшиды.

Бұқа иесіне бұзау жоқ.

Тентек баланы теке сүзеді.

Қисықтың көлеңкесі де қисық.

Темірші көміршіге үйір.

Өтірікшінің шын сөзі – зая.

Қазан сапырғанның да буы бар.

Бұзауды ұрлаған. өгізді де ұрлайды.

Есекке ерген күлге аунайды.

Кедейге өлең айтқан да – шығын.

Бай атқа мінсе де бай, жаяу жүрсе де бай.

Атпен ойнаған тайдың арқасы кетеді.

Пішені өртенбегеннің бәрі ақылды.

Сиыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды.

Атты ақысын жаяуға жібермейді.

Қотыр атты қаси берсең қаны шығады,

Киізді қаға берсең шаңы шығады.

Бақ кейде ауып, кейде тауып қонады.

Билік айту оңай, біліп айту қиын.

Жақын таласса – жатқа жем.

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

Домалақ бастының бәрі адам бола бермейді.

Апасы киген тонын сіңілісі де киеді.

Би екеу болса, дау төртеу болады.

Жеттім деген жығылар, толдым деген төгілер.

Өлі – тірінің азабы.

ОЙ САЛАР

Көштен бөлінсең де, көптен бөлінбе.
Су ішетін құдығыңа түкірме.
Бағыныштты болсаң да, жалыныштты болма.
Ащы сұраққа – тұшшы жауап күтпе.
Дұшпаныңның алдына аш барсан да, жалаңаш барма.
Қайыққа мінсең, қайықшымен қағыспа.
Оқ жетпес жерге қылыш суырма.
Біреудің қолымен от көсеме.
Өзі тоймағаннан сарқыт сұрама.
Малдымен алыспа, күштімен күреспе.
Битке пышақ суырма.
Буынсыз жерге пышақ салма.
Тозған сатымен төбеге шықпа.
Көтере алмайтын шоқпарды. беліңе байлама.
Қайық ұрлағанды қырдан іздеме.
Сиыр баққанды сүттен қақпа.
Өзіңе нені тілемесең, жұртқа соны тілеме.
Бір сынаған жаманды, екінші қайтып сынама.
Қараңғы жерге тас лақтырма.
Өткелден өтпей етігіңді шешпе.
Жаба алмайтын есікті ашпа.
Құтырған иттің күшігін асырама.
Жалтақтан жөн сұрама.
Түздегіні үйде болжама.
Азға аузыңды былғама.
Болар баланың белін бу, бетін қақпа.
Көпке топырақ шашпа.
Жақсылық қолыңнан келмесе,
тым болмаса жамандық жасама.

Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме.
Көзбен ойнасаң да, сөзбен ойнама.
Мықтымын деп топқа түспе, шешенмін деп айтысқа түспе.
Азға өкпелеп, көптен құр қалма.
Құлайын деп тұрған тамға сүйенбе.
Сөзіңді сатсаң да, көзіңді сатпа
Жұтаған бақтан жұпар іздеме.
Өзі сөнейін деп тұрған отқа су бүрікпе.
Жақынға өтірігіңді айтпа, шетке сырыңды айтпа.
Қайтып кірер есігіңді қатты жаппа.
Жетімді – қорлама, сұраушыны – табалама.
Ашта жеген құйқаны, тоқта ұмытпа.
Сыпырғышың жаман болса, шаңға өкпелеме.
Қайғының көзінше қарқылдап күлме.
Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
Еңбек етпесең. елге өкпелеме, егін екпесең
жерге өкпелеме.
Жатқан жыланның құйрығын баспа.
Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.
Әрбір істің ақырын ойламай басын бастама.
Аманатқа қианат жасама.
Аттан түссең де, тұғырыңнан түспе.
Ұнды ұзақ иле, сөзді қысқа сөйле.
Жаман адамға да жақсы көзбен қара.
Жарлы болсаң да жарамсақ болма.
Бойыңды да, ойыңды да, арыңды да таза ұста.
Тісің барда тісте, күшің барда істе.
Жілік жесең, жанбас сақта.
Өзіңді зорсынба, өзгені қорсынба.
Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш.
Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

Атыңа батса, алтын ерді отқа сал.

Кіммен қартайсаң, сонымен ағар.

Кірмей тұрып, шығарыңды ойла.

Сөзіңді тыңдағанға айт.

Көрпеңе қарап көсіл.

Атыңды жүріп тұрғанда қамшыла.

Білгеніңе сенбе, біліміңе сен.

Төменде отырсаң төбеге қара, төбеде отырсаң төменге қара.

Заманың қандай болса, дамбалың сондай болсын.

Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол.

Әзіл айтсаң да, әділ айт.

Ақырын жүріп, анық бас.

Тіліңмен сөйлеме, жүрегіңмен сөйле.

Аш жүрсең де, таза жүр.

Жылы сөзіңді ешкімнен аяма.

Алаяқтан ақылшың болмасын.

Туғаныңмен тура сөйлес.

Сыйлауға асың болмаса, сөйлесуге тілің болсын.

Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде.

Көрінгенге сырыңды айтпа, не десерің белгісіз.

Санаулы уақытты саналы өткіз.

Құдайдан қорықпағаннан қорық.

Есің барда, етегіңді жап.

Ел болам десең, бесігіңді түзе.

Бір тал кессең, он тал ек.

Бұлақ көрсең, көзін аш.

Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат бойыңнан түңілсін.

Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра.

Кімнің жерін жерлесең, соның суын сула.

Қадіріңді білгенді құрмет тұт.

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.

Өле жегенше, бөле же.

Уәде берсең, сертте тұр.

Жығылсаң, түйеден жығыл.

Аш кезіңде асай біл, жас кезіңде сүйе біл.

Күдер үзбе, шідер үз.

Өзіңнің де, өзгенің де күшіне сенбе – ісіне сен.

Жетім көрсең жебей жүр.

Әділ сөйлеп, адал жүр.

Жетімдердің көңілін көтер.

Арам дүниеден без.

Адамның мінін таппа, тілін тап.

Заманың түлкі болса, тазы болып шал.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Әр адамның баласын дос деп сана.

Жер басқанға мәз болма, жерде ізің қалмаса.

Бақтың байлаусыз, дүниенің алдауыш екенін естен шығарма.

БІЗ ҚАЛАЙ ТУЫСАМЫЗ?

Алыс-жақынымызды қалай ажыратамыз?

Кім бізге қай жағынан туыс?

Қазақ туыстық қатынастарды өзара сабақтас үш жұртқа бөліп атайды.

Біріншісі – адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдер «төркін жұртым» деп атайды.


Екіншісі – шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты.


Ал, **үшіншісі** – әйелі, не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты.

Ал үлкен атасының арғы ата-бабаларын «арғы атам», «бабам», «ұлы бабам», «ұлы атам» деп атайды, немесе үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші атамыз деп санына қарай айта береміз.


Арғы аталарымен бірге туысқан еркек кіндікті адамдардан тарайтын ұрпақтарды «аталас жақыным»,» ағайыным» дейді.

АДАМНЫҢ ӨЗ ЖҰРТЫ




ЖАЛҒАСЫ
ӘКЕ
ШЕШЕ
АҒАСЫ
ЖЕҢГЕ
НЕМЕРЕ, ІНІ, ҚАРЫНДАС
ШӨБЕРЕ, ІНІ, ҚАРЫНДАС
АПАСЫ
ЖЕЗДЕ
ТУҒАН ЖИЕН
ЖИЕНШАР
ШӨПШЕК
ӨЗІ
ҰЛЫ
КЕЛІНІ
НЕМЕРЕ
ШӨБЕРЕ
ҚЫЗЫ
КҮЙЕУ БАЛА
ІНІСІ
КЕЛІНІ
НЕМЕРЕ, ІНІ, ҚАРЫНДАС
ШӨБЕРЕ, ІНІ, ҚАРЫНДАС
ЖИЕН НЕМЕРЕ
ҚАРЫНДАС
КҮЙЕУ БАЛА
ТУҒАН ЖИЕН
ЖИЕНШАР
ЖИЕНШАР
ТУАЖАТТАР

АДАМНЫҢ НАҒАШЫ ЖҰРТЫ




«Нағашы жұрты» деп айтушыға шеше жағынан туысатын туысқанды айтады. Жалпылама алғанда адамға шешесінің шыққан тегі, руы түгелдей нағашы болып келеді. Елі, жері, атасы басқа болғандықтан нағашы мен жиен бірін-бірі күндемеген. Ағайын арасының ұсақ кикілжіңі олардың арасында жатқылы саналған. Біріне-бірінің құрмет-бейілі шынайы, таза болған. Осы тұрғыдан алғанда, санамызда «қамқор нағашы, ерке жиен» деген түсінік қалыптасқан. Бұл да халқымыздың туысқаншыл, бауырмалдығына тән, жақсы қасиет.

ЕР АДАМНЫҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫ



Адамға үшінші жағынан туысатын жақындары – қайын жұрты. «Қайын жұрт» деп үйленген жігіт пен тұрмысқа шыққан қыздың, келіншегі немесе күйеуі жағынан туысатындарды айтады. Осы келіншегі немес күйеуінің елі, руы адамға қайын жұрт болып саналады.

ӘЙЕЛ АДАМНЫҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫ





Жоғарғы айтқан үш жұртқа қосылмайтын тағы да бір жақын туыстық қатынас бар. Ол – құдалар жағы, қыз алған жақ шақырғанда құдаларды бастап келгенде, көбіне басқалардан ересек, сөз ұстаған, жөн білетін, малға бата жасайтын адамды «бас құда» дейді. Негізі құданы (келіннің туған әкесін) «бауыздау» құда немесе «сары сүйек» құда, құданың аталас жақынын, жекжат-жұрағат, сыйлас досын «жанама құда» деп атайды. Келіннің шешесін құдағи, жеңгесін, апасы не сіңлісін және басқа да қыз-келіншектерді «құдаша» дейді. Ал келіннің бауырын «құда бала» деп атайды. Халқымыздың «күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген мақалы құдалықтың ұзаққа созылатынын, сыйластыққа байланыс болатынын айтса керек.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕҢДЕРІ

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Күніне мың бір пәле көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.

Дегенде дүние шіркін өтер-кетер,
Түбіне сұм дүниенің кімдер жетер?
Қәдір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет,
Тірлікте сыйластыққа бар ма жетер?

Ағайын жат та болса, көзге тәуір,
Өкпең жоқ кеудедегі, бәрі бауыр.
Жауыңның дәлдеп салған найзасынан,
Досыңның саусағымен шерткені ауыр.

Арғымақтан ат жақсы, шабыс болса,
Ағайыңнан жат жақсы, таныс болса.
Досың күліп, дұшпаның табалайды,
Бір нәрседен аяғың шалыс болса.

Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім арық суын ылайма деп.
Жаманмен дос болуға жасқанамын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп

Қиын екен жігітке жұртқа жақпақ,
Жақсы-жаман көңілін бірдей таппақ.
Қара қылды қақ жарып жүрсең-дағы,
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап.

Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,
Біреу жүр қонған бақты игере алмай.
Он саусақ қарап тұрсаң бірдей емес,
Біреу жүр жалғыз басын сүйрей алмай.

Дариға, ағып жатқан суда мін жоқ,
Өлдім деп білдіруге малда тіл жоқ.
Басынан бақ пен дәулет тайғаннан соң,
Сенделген, мекен таппай ерде күн жоқ.

Жамандық жасырылмас көмгенменен,
Жақсылық жоқ, бағасын ел бермеген.
Болмайды жаман-жақсы ешқашанда,
Бос мақтап, жалған көңіл бөлгенменен.

Сұлуды сұлу деме – сүймеген соң,
Асылды асыл деме – кимеген соң.
Жақсыларға не керек қошемет қып,
Шарапаты ешкімге тимеген соң.

Жантақты жолда жатқан алып таста,
Кірмесін, кісіге де сенен басқа.
Мың болып, бір жақсылық еселенер,
Кейінге үлгі болса, келер жасқа.

Тоқым салма, жауырға жалды екен деп,
Жолдас болма, жаманға малды екен деп.
Сынса-дағы сырлы аяқ, сыны кетпес,
Күдер үзбе, жақсыдан жарлы екен деп.

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!

Жастық шақ өте шығар ескен желдей,
Алыстан бұлдырайсың асқар белдей.
Құлазып, көңіл шіркін толғанады,
Қоныстан қопарылып, көшкен елдей.

Өмір деген ойласам, шолақ екен,
Бір-біріне адамдар қонақ екен.
Қызғалдақтай жайнаған қызық өмір,
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен.

Сөйлеп қал, сөйле тілім шал боларсың,
Құ томар басын кескен, тал боларсың.
Қартайып, жасың жетіп келген шақта,
Артыңа бір қарауға зар боларсың...



Сәукеле-ұзатылатын қыздың бас киімі

Бесінші бөлім

Жақын Шығыстар

ӨЗ ЖҰРТЫМ-САҚАЛ КЕРЕЙ



КҮЗЕНБАЙ БОПЫҰЛЫ

Байтайлақ батырдың төртінші ұрпағы, атадан-атаға жалғасқан қара шаңырағының иесі Күзенбай Бопыұлы 1871 жылы Айрықта туып-өседі, оның әкесінің зираты сонда (СҚО, Ақжар ауданы). Ағасы Сейітқожа би ел билігінде, ол мал шаруашылығымен айналысады. 1983 жылы Ақмола округінде өткізген санақ тізімінде атасы Маңдаев Күшікбайда 15 жылқы, 35 қой болса, немересі Күзенбайға жүздеген жылқы, сиыр, қой, ешкі бітіпті. Солардың ішіндегі мақтанышы – өзі мініп жүретін «жорға күрең», бәйгеге салатын «бәйге күрең», қасқыр қууға шығатын «қасқыр күрең» деген аттары болыпты. Атам мен әжем Жәмиля Исабайқажықызы бес ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріпті. Ұлдары Темір мен Мұхамедті медреседе, Сұлтан мен Халелді Полтовкадағы (Омбы облысы) 2 кластық (орыс, қазақ тілі) жеті жылдық училищесінде оқытады. Олар ер жеткенде мал өсірумен қоса, егін де егеді.

1930 жылы мал-мүлкі, егіндік құралдары, жер диірмені, төбесін қаңылтырмен жапқан үлкен қарағай үйі (артынан мектеп болған, жорға күрең) де тәркіленіп, өзі қуғын сүргінге ұшырайды. Оған қоса ойын-тойларда күреске түсіп, жілік ұрып сындыратын балуан қызы Үміт, отау құрып, отырған молда баласы Мұхамед, ержеткен ұлы Көпей де жастай өмірден өтеді. Үш ұлын 1941 жылы соғысқа әкетіп, қартайған шағында осындай күйзеліске тап болған атам қайғы-қасіреттен ауруға шалдығады. Әжемнің айтуынша, атам оған: «Ұлдарымның соғыстан келуі екіталай, қара шаңырағымның иесі болатын Қуанышымды аман сақта», – деп соңғы сөзін айтып, мүшел жасында (73-те) 1944 жылы, балаларын көрмей, бақилық болады. 1945 жылы ұлдары майданнан аман оралып, әкесінің басын көтеріп, жылын өткізіпті. Атам дүние салғанда мен алтыда ғана едім. Түрі әлі есімде, көк көз, қоңқақ мұрын, сақал мұрты жирен, зор денелі кісі еді. Қысты күні тері шалбарын, шапанын, мәсінің сыртынан саптама етігін, кісе белдігімен буған түйе жүн күпісін, басына қоқырайған түлкі тымағын киіп тұрғанда маған таудай көрінетін. Называйдан

(Назымбай) Омбы облысы күн шығысқа 30 шақырым жердегі Күреңайғыр ауылының жұртындағы ескі зиратта жерленген. Күзенбай атамның жанында әжем Жәмиля да жатыр. Әжемнің бауырында жатып, атамның алдында өсіп едім. Жандары жәннатта, тәндері рахатта болсын. Әумин!



Темір
Күзенбайұлы
(1901-1982)



Сұлтан
Күзенбайұлы
(1903-1979)



Халел
Күзенбайұлы
(1910-1964)



Қуандық
Теміруұлы
(1947-1983)



Қуаныш
Сұлтанұлы
(1938 ж.т.)



Сағынтай
Халел
(1951-1974)

ТЕМІР (БЕКТЕМІР)

Тәтем (Темір Күзенбайұлы) 1901 жылы Айрықта туып-өсіп, медреседе оқыған. Жігіт шағында қасқыр алатын Көктөбетін ертіп, күрең атымен (қасқыр күрең) қыс бойы қасқыр, түлкі соғып әуестенген. Көңілі түскенде, әшекейлеп, биік өкше әйелдердің етігін, ағаштан түйін түйетін қол өнері де болды. Жастайынан бес уақыт намаз оқып, ораза ұстап, құран сүрелерін жатқа білетін қари атанған. Көпшілікте шариғаттан басқа ұсақ-түйек әңгіме айтпайтын, бөтен сөзі жоқ, бірдоға, жаны таза, адамгершілігі мол, ешкімнің ала жібін аттамай, өмірін дін жолында өткізген қасиетті адам болатын. Ес білгенімнен «хайуан» деген сөзінен басқа қатты сөзін естімеппін. Өзі туралы ештеңе айтпайтын. Әкем (Сұлтан) «Темір соғыс жылдары Сахалинде болғанда орыс тілін үйреніп келді», – дейтін. Көріп естігендердің айтуынша, тәтем 1970 жылы Жаңаауылда (Ақжар ауд.) құдалықта болғанда, баяғыда үйлерінде жұмыста болған кісіні танып, оған «ренжіткен жерім болса, кешірімді болсын» – деп үстінен жаңа шапанын шешіп алып, иығына жауыпты. 1979 жылы інісі Сұлтан (әкем) қайтқанда, қырқына дейін біздің үйде жатты. Сонда мал қорасы, есік алдындағы мұзды балтамен шекіп отырғанын көріп: «Тәте, әуре болмашы» дегеніме: «Е, әйтеуір шіріп қалатын қол ғой, аз да болса саған пайдасы тисін», – дегені әлі есімде. Сол жолы маған: «Ұл-қыздарымды орнықтырдым, Аллаға шүкір, енді алпысымда көрген Сүйіндіктің үйленгенін көрсем», – деп айтқаны да орындалып, артынан жыл да өтпей таң намазын оқыған киімімен төсегіне жатып, 1981 жылы өмірден өтті. Топырақ Сақал ауылының ескі зиратынан бұйырды. Иман байлығын берсін!

СҰЛТАН (БЕКСҰЛТАН) КҮЗЕНБАЙҰЛЫ

Сұлтан Күзенбайұлы 1903 жылы Үлкенқарой маңындағы Айрық ауылында туған. Полтавканың жеті жылдық орыс-қазақ мектебін үздік бітіріп, әкесінің ісін жалғастырады. Әжем Жәмиләнің айтуынша, Сұлтан 15 жасынан үйдің қаражатын қолында ұстап, қаршадайынан ат үстінде жүріп өсіп, жігіт болады. Тайша, Омбы жәрмекелеріне мал апарып, іске жаратып, сауда-саттықпен жүргенде талай атақты кісілермен танысып, қарым-қатынаста болады, солардың ішінде Қажымұқан (күрескен), Балуан Шолақ та бар. Мал өсірумен қатар егін де орады. Баласының ісіне көңілі толған әкесі оны: «Сұлтаным – құтым» дейді екен. Жас кезінде ойын-тойларда өзінің Бәйге күреңімен шауып жүріп, жерден теңге іліп, жілік сындырып, күреске түсіп жүретін көк көз, қыр мұрын, еңгезердей сары жігітті айналасы құрметтеп, сыйлапты. Осылай жастық шағын қызықтап жүргенде өмірі күрт өзгереді. «Постановлением бедняцкого собрания и сельского совета от 18 и 19 марта 1931 года решено выселить из пределов района Кузенбаева Султана как эксплуатататора батраков» деп шығарған жергілікті биліктің қаулысы бойынша 28 жастағы Сұлтан сол жылы үйленген келіншегімен Омбы облысының Тара қаласынан әрі 150 шақырым жердегі аралға, Құлай өзенінің маңына айдалып кетеді. Онда 3-4 отбасы бірігіп, жерден үй қазып, от жағып, ішін жылытып, қыстап шығады. Апарған азық-түліктері таусылып, жегіп барған бәйге күреңді де сойып жейді. Айдалып барғандардың көбі қыстың суығына шыдай алмай, аштықтан, «цынгадан» қашқанда қоғырға батып, болмаса күзетшілердің оғына ұшырап ажал құшады. Сонда туған әкемнің тұңғыш қызы анасының сүті болмай, аштан, жолдасы да «цынгадан» қайтып, жалғыз қалады. қол арамен тақтай тілетін ауыр жұмыста жүрген әкем енді не де болса, тәуекелге барудың жолын ойластырып, қорыс қоғырдан, жалдаған жол көрсеткіштің көмегімен өтіп, лагерьден қашып құтылады. 500 шақырым жолды түнделетіп жүріп, әйтеуір аман-есен үйіне жетеді. Орныққан жерінде аты-жөнін өзгертіп, тіркеуге тұрады. Екінші рет үйленіп, 1938 жылы ер бала көріп, атын Қуаныш

деп қояды. Ақ құнажын, ақ қой сойып, тума тойын өткізеді. Кәсіпкерлікпен Ірбіт (Ирбит), Свердловск, Петербор, Мәскеуге барғанда мавзолейдегі Ленинді де көргенін айтып отыратын. 1945 жылы Отан соғысынан оралып, әкесінің басын көтеріп, жылын беріп, еңбегінің арқасында үй тұрмысын тез түзеп, ұлын да Омбыда оқытып, мамандық әпереді. Қансонарда мылтығын иығына іліп, «Алып қашпен» (биесі) аңға шығып, қанжығасына түлкі, қоян іліп келетін. Жасы келсе де күші, көз жанары қайтпаған еді. Сұқ саусағымен 20 килі гірді жоғарыға көтеріп, көзілдіріксіз «малопулькамен» нысананың ондығына дәл тигізетін. Салмағы да жас кезіндегідей 100 килі болатын. 1963 жылы Есілкөл ауданынан Булаевтың Жданов совхозында тұратын ұлы Қуанышқа көшіп барады. Сол жылы көшкен жерінде қалған інісімен (Халелден), одан кейін 1964 жылы бәйбішесінен (Зейінілден), бойжеткен қызынан (Күләпәштан) айрылып, қайғы күйзелісіне ұшырайды. Әйтеуір қолындағы немерелеріне алданып, уақытын өткізеді. Әкемнен ес білгелі «тәйт» дегеннен басқа қатты сөз естіп, жатып ауырғанын көрмедім. Маған ылғи: «Балам, есіңде болсын, істеген жақсылығың да, жамандығың да осы дүниеде алдыңнан шығады», – деп айтып отыратын. 1972 жылы жаңадан алған алғашқы жеңіл машинамды үйге айдап келгенімде алдымнан шығып, баладай қуанып, қайырлы болсын айтып, маған: «Балам, зират басына барып, шешеңнің басына құран оқып, машинаңды көрсетіп, қуантып қайтайық. Әруағы риза болсын», – деп айтқаны әлі есімде. Сөзге сараң еді, әңгімеге тартайын деп, бапа соншама қайғы-қасіреттен өтіп, бүгінгі жағдайыңа жеткеніңе таң қалам дегеніме: «Алла жар болды ғой», – деп қысқа қайырып, «Бүгінгі жағдайым, Құдай берген жерге береді, ата-бабамнан жалғасып келе жатқан ырыстың жұрнағы шығар. Осы мұраны шашпай сақтау – саған парыз», – деп біраз үндемей отырды да, «Сендердің алдарыңда дүниеден өтсем, Аллаға ризамын» – деп, сөзін аяқтады. Солай болды да, ауырмай жүріп, кенеттен жүрегі тоқтап, 1979 жылы 76 жасында бақилық болды. Жданов зиратында (Булаев ауданы) бәйбішесі Зейінілдің жанына жерленді.



Сұлтан Күзенбайұлы
Күләпәш Сұлтанқызы
Түсірген Қуаныш Сұлтан
Аполоновка
1958 жыл Есілкөл ауданы

ХАЛЕЛ (ХАЛӘЛ) КҮЗЕНБАЙҰЛЫ


Халел Күзенбайұлы 1910 жылы ата-қонысы Айрықта туып-өсіп, орысша жеті жылдық мектепті бітіреді. Еркелетіп өсірген мінезі шақар тентек баласын әкесі «Бұл есті тентек түбінде – ел билейді» деп айтады екен. Ол жастайынан әкесінің қолғанатына айналып, жұмысқа араласып, үй шаруашылығын жүргізуді үйренеді. Әкесі кәмпескеге ілігіп, ағасы «итжеккенге айдалғанда» отбасының ауыртпалығы жас Халелге түседі. Ол 1931 жылы үйін Омбы облысы, Малай ауылына көшіріп апарады. Онда жай жатпай, Назыбайдан (аудан орталығы) жер алып, колхоз құру мәселесімен айналысқан, Сақалдың белсенді азаматтарының қатарында жүріп, әрекеттерінің іске асуына атсалысқан. 1932 жылы бөлінген жер аймағына бірінші Халел көшіп барып, бірінші «Новый строй» колхозына кіріп, бірінші 8 жылқы, 3 тайша, 10 қойын ортаға салып, ұжымның іргесін қаласады. Орысшаға, қазақшаға шешен, білімі бар албырт жігітті колхозшылар бригадир сайлайды.

1937 жылы өзінен он жас кіші, бай, шонжар болған Тоғжанов Садуақастың (Ғаббас Тоғжановтың әкесі) көпей қызы Рахимаға үйленеді. 1940-1943 жылдары Халел бронмен жүріп, колхоздың бастығы болғанда, одан бұрын биліктің басы-қасында жүргенде, 35 үй Сақал ауылында бастауыш мектеп, клуб, колхозға қажет нысандар салынып, қолданысқа беріледі. Оның ауылда қаздырған терең қима құдығы артынан «Халел» құдығы деп аталды. 1943-1944 жылдары Отан соғысына қатысып жараланғанда, алты ай госпитальде емделеді. 1945 жылдың басында үйге оралып, Назыбай, Есілкөл аудандарында бригадир, басқарма болып істейді. 1948 жылы бала көтермеген әйелінің үстінен Күлпәшті алып, одан бір қыз, төрт ұл көреді. Балаларын қызықтап, жақсы тұрмыс құрып, атына заты сай салтанатты өмір сүріп жүргенде үш баласы мен олардың анасынан айрылып, қайғылы жағдайға тап болады. Соның салдарынан оған ескі аурулары да қосылып, сырқаттанады.

Ақырында, 13-ке толмаған екі ұлын, тапқан таянғанын артына тастап, армандарын арқалап, 53 жасында алдамшы дүниеден өтеді. Топырақ Назыбай ауданы, Күреңайғыр ауылы жұртындағы ескі зиратта жатқан әкешешесі (Күзенбай, Жәмилә) жанынан топырақ бұйырады. Қазақстаннан қалын білуге соңғы барғанымда: «Қуаныш, маған ажал жақындаған сияқты, сәбилерімді саған аманат етемін, жетімсіретпей қамқор бол», – деп еді. Жылын берісімен, ұлдарын жаныма көшіріп алып, бас-көз болып, өсіріп, үйлендіріп, қолымнан келген жақсылығымды жасап, ел қатарына қостым.

ЖАУАР – ҚАРАУЫЛ

Нағашы жұртым





БАШЕНОВ ШӘБИДЕН ЖИЕНШАҰЛЫ

1951 жылы Омбы облысы, Есілкөл ауданының Мәкен ауылында туады. 1970 жылы орта мектепті, 1974 жылы Новосибирдің жоғарғы әскери-саясат училищесін аяқтап, 1982 жылға дейін Жамбыл облысында әскери қызмет атқарады. 1982-1985 жылдары Мәскеуде Ленин атындағы әскери-саясат академиясын бітіреді. 1988 жылы Орта Азиядағы әскери округтің беделді офицері, подполковник Башеновты Бүкілодақтық XIX партия конференциясына делегат сайлайды. Осыдан бастап ол саясатпен айналысады. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін түбегейлі өзгерістің қажет екенін, әскер саласындағы кемшіліктер туралы өткір пікірін баспа беттерінде шығарады. 1990 жылы Қазақ КСР-ның жоғарғы кеңесіне депутаттыққа өзінің бастығы, генерал Рябовтың баламасы болып, сайлауға түседі. Генерал жақтастарының қоқан-лоққы, уәделері, кедергілеріне қарамастан алған бетінен қайтпай, дегеніне жетіп, депутаттыққа өтеді. Одан кейін Жоғарғы кеңестің 12-шақырылымында халық қалаулыларының қатарына өтіп, Экология комитеті басқармасының орынбасары қызметін атқарады.

1991 жылы Совет Одағының Жоғарғы Республикалық Кеңес палатасының мүшесі болып сайланып, Мәскеуде республикалық кеңестің Қорғаныс комитетінде істейді. Одан кейін 1994-1996 жылдары Қазақстан Парламенті Мәжілісінің аппаратында,

Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде сектор басшысы, 1995 жылдан 2001 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің аппаратында, қазақтың бірінші космонавты Тоқтар Әубәкіровпен бір салада, кеңесшілер қатарында қызмет атқарады. 2001 жылы полковник Ш. Башенов Батыс әскери округтың қолбасшы-орынбасары болып тағайындалады. Қазақстан қарулы күштер басшылығының өткізіп жатқан кадр саясатымен келіспеушілігін білдіріп, жоғарыда жемқорлықпен шынайы күрестің жоқ екенін дәлелдеп, ашып жазып, 2002 жылы өз еркімен запасқа шығады. Кеңес Одағында, Қазақстанда қарулы күштер қатарында істеген қызметі бағаланып, Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңес Президиумы жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Кеңес Одағының Қорғаныс министрі бұйрығымен «Әскер қатарында 10 жыл, 15 жыл, 20 жыл мінсіз істеген қызметі үшін» медальдарымен, Қазақстан Президенті жарлығымен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл, 25 жыл» медальдарымен марапатталады. Қазіргі уақытта құрметті демалыста Алматы қаласында тұрып жатыр.



АНАМ – ЗЕЙІНІЛ МҰҚАНҚЫЗЫ

Зейініл Мұқанқызы 1913 жылы Есілкөл ауданы (Омбы облысы), Мәкен ауылында туады. Шешесі Жарылға Оспанқызы мерт болып, әкесі Мұқан Мәкенұлы да қайтып, 3 жасында жетім қалады. Немере ағасының бауырында өскен Зейініл Мұқанқызы бойжетіп, ауылға моллалыққа келген Мұхамед Күзенбайұлына тұрмысқа шығады. Бақытты отбасы ер бала көріп, өмірді қызықтап жүргенде баласы, күйеуі де қаза болып, не істерін білмей қайғының астында қалады.

Ата-енесі қолындағы жесірін айдауда жүргенде әйелі қайтыс болған, өзінен он жас үлкен қайнағасы Сұлтанға қосады. Одан бір ұл (Қуаныш), бір қыз (Күлбағда) көріп, жағдайы түзеле бастағанда, 1941 жылы басталған Отан соғысына үйдегі ағайынды үш жігітті майданға әкетіп, төрт бала, қартайған ата-енесімен үш келін аңырап артта қалады. Ішіндегі бас көтерері өзі болғандықтан, үй шаруасын абысындарына жүктеп, Зейініл Мұқанқызы белін бекем буып, отбасын аман сақтап қалудың амалына кіріседі. Колхоздың жұмысымен, қысқа дайындайтын отын-шөбінен басқа, қар ерісімен масақ теріп, сиырымен көрші қаланың бау-бақшасын жыртып, жазда жидек теріп, оны сатып, іске жаратып, ақ балшықтан кірпіш соғып, онымен ауылдың пештерін салып,

қыс болса пілте шамның жарығымен «Зингер» іс машинкесімен ауылдың киім-кешегін тігіп, үй-ішін аш-жалаңаш қылмаудың қарекетімен болады. Оған қоса қайын атасы қайтыс болып, шамасы келгенше жабдығын өткізіп, арпалыста жүргенде соғыс та аяқталады. Майданға кеткен ағайынды үшеуі де аман-есен үйге оралады. Жанталаспен өткізген төрт жылы көрген түстей артта қалып, өмірі тағы да жаңадан басталады. Соғыстан кейін де, қол қусырып отырмай, қол өнермен айналысып, алаша тоқып (кітаптың мұқабасы анамның тоқыған алаша суретімен қапталған), сырмақ сырып, құрақ көрпелер тігіп, киіз басып, тозған үйінің ішін жаңартады. Маңайында жүрген жастарға білгенін үйретіп, баулиды. Ойын-тойларда әдемі даусымен халық әндерін нақышына келтіріп шырқаған сұлу келіншек жұрттың назарына ілігіп, «Әнші Зейінілі» атанады. Ауылдағылар ырымдап, «Зейінілдей болсын» деп оған жаңа туған қыздардың кіндігін, жүре бастағанда тұсауын кестіртетін болған.

Анам қызығы мен шыжығы бірдей жүретін, аумалы-төкпелі өмірден күдерін үзбей, жеті құрсақ көтеріп, олардың үшеуі шетінеп, қалғандарын жолдасы екеуі тәрбиелеп, оқытып, өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйеді. Өздері қолындағы екі баласымен күн көрістің қамымен жүргенде, мамандық алған үлкен ұлы Қазақстанға барып, қызметке орнығады. Отағасы баруға қарсы болса да, көндіріп, ұлымыздың жанында болайық деп көшіп барады. Кішкентайынан шоғырмақ салып қайнатқан самауырынынан, жағып жүрген пешінен, қазандығынан, сықсима шамынан құтылып, көз алдында аман-есен жүрген балаларын қызықтап, өмір бойы көрген бейнетінің зейнетін көре бастағанда аяқ астынан қатты ауырып, 1964 жылы 51 жасында дүние салады. Зейініл Мұқанқызы кіммен болсын тіл табысып, қолындағы барымен бөлісіп, жақсылық жасаумен өмір сүрген, ашық мінезді, абзал адам еді. Топырақ Ждановтан (Булаев) бұйырды.

ҚАЙЫН ЖҰРТЫМ – АБЫРАЙ-УАҚ



ҚАТПА ҚАЖЫ ҚАЗЫБЕКҰЛЫ

2012 жылы Алматыда шыққан «Қазақстан қажылары» кітабының 96-бетінде «Павлодар уезі, Тереңкөл болысынан 1905 жылы қажылыққа барған он кісінің қатарында – Қатпа Қазыбеков» те көрсетілген. Қатпа қажының шөбересі Күләш Нұғыманқызының айтуынша, атасы қажылық парызын атқарып, Меккеден үйге қайтар алдында қатты ауырып, қасындағыларға: «Хәлім нашар. Мені әурелемей осында қалдырыңдар. Рұқсат, маған киелі жердің топырағын бұйыртса, Аллаға ризамын», – деп айтқанына қарамай, жолдастары қимастықтан бірге алып шыққандарын. Жерорта теңізінде бақилық болып, марқұмды арулап, жаназасын шығарып су қойнауына тапсырғандарын, бірге барған серіктері ауылына арнайы келіп, баласы Қабыл болысқа, ағайын туыстарына естіртіп, көңіл айтып, дұға бағыштаған екен.

ҚАБЫЛ БОЛЫСТЫҢ БАЛАСЫ, НЕМЕРЕСІ, ШӨБЕРЕСІ



Нұғыман Қабылұлы (1885-1961)



Бимырза Нұғыманұлы (1922-2015) қайын атам



Әнзия Бимырзақызы (1942 ж.) жұбайым

БИМЫРЗА НҰҒЫМАНҰЛЫ

Бимырза Нұғыманұлы 1922 жылы (ит жылы) 10 қаңтарда Павлодар облысы, Үрлітүп ауданының №4 ауылында туады. Әкесі Нұғыманды бай болыстың тұқымысың деп, 1927 жылы Зайсанға (Алтай), ал әйелі Дәметкенді баласы Бимырзамен Павлодар маңайындағы әйелдер лагеріне айдап жібереді. Ондағылар аштан өліп жатыр дегенді естіп, арттарынан іздеп барған Ғарифолла (шаруашылығында жүрген жігіт) қаптап апарған азық-түліктерін (қапшықтап апарған ұнын, қойдың етін) басындағыларға беріп, Бимырзаны шешесімен лагерьден жасырын алып шығып, түнделетіп жүріп, үйлеріне жеткізеді. Осылай Бимырза бала бір ажалдан аман қалады. Зайсаннан қашып шыққан әкесі, үйіне келісімен ата-жұртын тастап, Омбы облысы, Муромцево жанындағы Серговка селосына көшіп барады. Сонда өсіп, оқып, ержетіп, үйленіп, қызметте жүрген Бимырзаны 1942 жылы Болшеречке военкоматы әскерге алып, Барабинскіге аттандырады. Одан эшалонмен Тула маңындағы Ефремово станциясына апарып түсіріп жатқанда, немістердің жойқын шабуылына ұшырап, мыңнан астам әскердің 150-і ғана тірі қалады. Солдат Бимырзаның соғыстағы бірінші күні осындай қырғын қан-төгістен басталады. Ол бірінші «Ерлік үшін» медалін Туланы фашистерден босатқаны үшін, «Қызыл Ту» орденін Орлово-Курск доғасындағы тарихи жеңісте, «Бірінші дәрежелі Отан соғысы орденін» Киевке қарай Днепр өзенінен шайқаспен өткенде көрсеткен өжеттігі үшін алады. Туладағы майданда кеудесін тесіп, жүрегінің жанынан өткен оқтың зардабынан алты ай госпитальде емделіп, екінші рет ажалдан аман қалады. Емделіп шыққан бойда майданға қайтадан оралып, соғысып жүргенде Краков қаласының жанында үстеріне түскен «Фауст» патроннан өртенген танкіден шыққанда, құлағы естімей, тағы да лазаретке түседі, емделіп, үшінші

рет ажалдан аман қалып, соғысын жалғастырады. Бимырза Нұғыманұлы фашистермен шайқасып жүріп, Ресейдің Тула, Курск, Украинаның Ровно, Рылск, Коростень, Житомир, Польшаның Краков, Болеславец, Германияның Лейпцит, Дрезден, Берлин қалаларын фашистерден құтқаруға қатысқан. Оқ атысып, Днепр, Днестр, Буг, Эльба өзендерін кесіп өтіп, 1945 жылдың 9 мамырын Берлин қаласының Батыс жағында қарсы алып, Рейхстагтің куполына тігілген Жеңіс туын көзімен көрген Кеңес одағының жауынгері. Соғыс аяқталғаннан кейін де жыл бойы Львов қаласында қалыптасқан банда жасақтарымен күрес жүргізеді. Бимырза Нұғыманұлы жан алысып, жан беріскен майданда, өмір мен өлімнің арасы қас-қағым сәт екенін басынан кешіп, аштықтың, суықтың да, биттің де азабын тартып жүріп, Отан алдындағы борышын орындаған әйгілі азамат. Өмір бақи есінде жүретін соғыстың қайғы-қасіретін бойына артып, жасынан ерте сақайып, үйіне оралғанда әке-шешесі, туыстары жылап-сықтап қарсы алып, қуанып, мәре-сәре болады. Еңбек жолын есепшіден бастап, өмір бойы бір мекемеде бас есепші қызметін атқарып, зейнетке шығады. Ұл-қыздарын орнықтырып, ел қатарына қосып, олардан немере, шөбере сүйіп, қызықтап, солардың ортасында жақсы тұрмыста өмірін өткізеді. Жеңістің 70 жылдығына жарты ай қалғанда 2015 жылы сәуірдің 24-де Бимырза Нұғыманұлы 93 жасында өмірден өтеді. Топырақ Омбы облысы, Калачканың жаңа зиратынан бұйырады.

ОТБАСЫМ

Бірінші қатарда отырған:
Қуаныш Сұлтанұлы
(1938 жылы туған)
Ербол Қуанышұлы
(1975 жылы туған)
Әнзия Бимырзақызы
(1942 жылы туған)

Екінші қатарда тұрған солдан оңға қарай:
Айгүл Қуанышқызы
(1968 жылы туған)
Орал Қуанышұлы
(1964 жылы туған)
Майгүл Қуанышқызы
(1970 жылы туған)
Мариям Қуанышқызы
(1973 жылы туған)
Булаев, 1983 жыл.



ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Қуаныш Сұлтанов 1938 жылы туған. Ата-бабаларының қонысы – Ақжар ауданы. Әкесі – Сұлтан Күзенбайұлы 1931 жылы байлар тізіміне ілігіп, 7 жылға «итжеккенге» айдалған соң, туыстары Омбы облысы, Мәскеленке ауданы маңына қоныс аударып, 1932 жылы жер телімін алып, малдарын ортаға жинап, Сақал ауылынан «Новый строй» атты колхоз ұйымдастырған.

Қуаныш Сұлтанұлы осы жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталғанда ол бала болса да, балалық дәурен құрған жоқ, ерте есейді. Қаршадайынан үй шаруасымен айналысты. Әжесі Жәмиләнің ескі-құсқыдан құрап тіккен киімін киіп, алаша дорбаны иығына іліп, мектепке барды. Не болса да оқуды жақсы оқып, терең білім алуға тырысты. Есілкөл қаласының орта мектебін ойдағыдай бітіріп шықты. Омбының құрылыс техникумына оқуға түсіп, құрылысшы мамандығын алды. Еңбек жолын 1962 жылы Жданов, Молодая Гвардия кеңшарларында құрылыс жүргізетін «Булаев Целинстрой» мекемесінің бөлімшесі СУ-6-да шебер болып бастап, прораб, аға прораб қызметтерін атқарып, одан 1974 жылға дейін сол ұжымды басқарады. 1974 жылы Булаевтағы құрылыс темірбетон бөлшектерін шығаратын зауытта бас инженер болды. 1975 жылдан 1994 жылға дейін Суворов кеңшарының құрылысын жүргізді. 32 жылдың ішінде әлеуметтік маңызы зор көптеген балабақша, мәдениет, сауда ошақтары, 8,10 жылдық мектептер мен тұрғын үйлер және мал, егін шаруашылығына қажетті нысандарды салғызып, пайдалануға берді.

Сырттай Құрылыс институтында, Марксизм, Ленинизм университетінде оқыды. 1964 жылы Булаев ауданынан облыстық комсомол, 1981 жылы облыстық компартия конференцияларына делегат болып сайланып қатысты.

1966-1990 жылдардың аралығында бірнеше рет селолық кеңестің депутаты, совхоз парткомы, селолық атқару комитетінің мүшесі болды. 1994 жылы Булаев ауданындағы Октябрь селолық округінің әкімі болып тағайындалады. Осы қызметті 10 жыл абыроймен атқарып, 2004 жылы зейнет демалысына шықты.

Қуаныш Сұлтанұлы 1990 жылдары дағдарыс белден алып, қысқа жіп күрмеуге келмей жатқанда халықпен бірге болып, қиыншылықтардың уақытша екенін түсіндіріп, ауылдың тыныштығын сақтап қалуға барын салды. Сөйтіп, егемендік алған бастапқы жылдары ауыл билігінің басы-қасында жүріп, туған елдің игілігі үшін аянбай еңбек етті. 42 жыл үздіксіз бір ауданда істеген еңбегі лайықты бағасын алып, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталады.

Таңат Сүгірбаев, «Қызылжар өңірінің зиялы қауымы» Петропавл, 2014 жыл, 203-бет.

Қолданылған тарихи әдебиеттер мен шежіре, мағлұматтар:

1. *Әбілғазы. Түрік шежіресі (XVIII ғ.) Алматы. Ана тілі. 1991 ж. (Халық қазынасы)*
2. *Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Шығыстың бес елінің тарихы. Казань. «Урнэк» 1913 ж.*
3. *Лев Гумилев. Қиял патшалығын іздеу. «Пірәдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз. «Наука» баспасы. 1970 ж. «Наймандар мен керейттер».*
4. *Шәкәрім Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі». Орынбор қаласы. 1911 ж.*
5. *Мұхамеджан Тынышбайұлы. Ташкент. 1921 жыл. «Материалы к истории Киргиз-казахского народа»*
6. *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресі». Алматы, Жалын. 1993 жыл.*
7. *«Қазақтың көне тарихы». Қытай халық Республикасындағы қазақ ғалымдары жазған. 1987 ж. Шыңжаң.*
8. *Оразақын Асқар. «Қара өлең» Алматы. Жазушы.*
9. *Алматы «Жалын», 1992 ж. «Қазақтың қилы тарихы», «Түкті сардар» (Керей Бөкенбай Мамаұлы туралы деректер) «Егеменді Қазақстан» – 29.12.2010 ж.*
10. *Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы. «Жазушы», 1993 ж.*
11. *Абылайхан «Тарихи жырлар» бірінші том. Алматы «Жазушы», 1993 ж.*
12. *Біржан сал Қожағұлұлы «Жазушы» баспасы. Алматы, 1967 ж.*
13. *«Қазақ». Алматы «Білім», 1994 жыл.*
14. *Мұхтарұлы Сейсен. «Атамекен» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты. Алматы. Өнер. 1985 ж.*
15. *Ақселеу Сейілбек «Қазақтың ауызша тарихы» зерттеу. Астана. Фолиант. 2008 ж.*
16. *Өзбекәлі Жәнібеков. «Эхо»*
17. *Талдахметов С. «Қазақстан тарихы». Алматы. 2015 ж.*

18. *Академик Әлкей Марғұланның қолжазбасынан Керей шежіресі. 13 том. 82-бет. Астана «Отырар» кітапханасы*
19. *Аманжол Күзенбайұлы, тарих ғылым докторы. «Ашамайлы Керей шежіресі». Қостанай, 2011 жыл.*
20. *Тортай Сәдуақас, «Астана аймағы. Есіл-Нұра, Қарқаралы-Шыңғыстау, Көкшетау, Омбы, Жетісу желісі». Алматы. 2008 жыл. «Дайк Пресс».*
21. *М.С. Мұханов. «Этническая территория казахов в XVIII – начале XX века» Алматы. Казахстан. 1991 год.*
22. *«Ана тілі» газеті, 22.03.1994 ж. Ғылыми дәйектер мен шежірелері «Қазақтың төр шежіресі».*
23. *«Үш жүздің шежіресі» Ізтұрған Сариев. Алматы.*
24. *2014 жылы «Бір ғасырдан бұрынғы дерек жинағы»*
25. *Мақсұт Ниязбеков «Біз қалай туысамыз?» Алматы. 1992 ж.*
26. *«Қазақстан қажылары», «Ислам әлемі» Алматы. 2002 жыл.*
27. *Қайырбек Оспанов «Керей шежіресі», Астана, 2008 жыл.*
28. *Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына», Алматы «Ана тілі» баспасы, 2007 жыл, 3 кітап.*
29. *Айып Жүсіпұлы, Әкімбай Жапарұлы, «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін», 4-кітап.*
30. *Казахи Омского Прииртышья. «Энциклопедия», книга первая Омск, 2015 г.*
31. *«Ай, заманай!» I-том, 1991 ж.*
32. *К.С.Э (Қазақ энциклопедиясы)*
33. *Россия «Букеевское ханство» С. Зиманов.*
34. *Есмағанбет би Жаңбыршықажыұлы (сақал) «Сақал Керей шежіресі» – қолжазба, (1909 жылдар)*
35. *Молдаш Ысқақұлы «Сақал-Керей шежіресі», 1970 жылдары жазған.*
36. *Таңат Сүгірбаев, «Қызылжар өңірінің зиялы қауымы» IV-том, Петропавл , 2014 жыл -203 бет.*

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ 4

БІРІНШІ БӨЛІМ.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ МЕН ТӨР ШЕЖІРЕСІ

Қазақ халқының көне тарихы 6

Қазақ халқының төр шежіресі 14

Ұлы жүз 15

Орта жүз 16

Кіші жүз 21

Қазақ халқының негізгі тайпаларының атаулары және олардың ұраны мен таңбасы 22

Жүзге кірмейтін қазақ рулары 24

Олардың ұраны мен таңбалары 25

Қазақ хандықтарының ту-байрақтары 26

Ұлт тарихының ұмытылмас кезеңдері 29

Қазақ хандығының басқару жүйесі 30

Қазақ ханы 31

Абылай хан 32

ЕКІНШІ БӨЛІМ

КЕРЕЙДІҢ КӨНЕ ТАРИХЫ МЕН РУ-ТАЙПА ШЕЖІРЕСІ

Керейдің көне тарихы 35

Керей ұлысының арғы тегі 38

12 Абақтың ру-тайпа шежіресі (Шәкәрім Құдайбердіұлы нұсқасы) 43

Ашамайлы Керейдің ту-тайпа шежіресі 44

Жарылғас- Әжіқұт (Әжі) Керей 47

Сымағұл 49

ҮШІНШІ БӨЛІМ

СЫМАИЛ КЕРЕЙДІҢ ТАРИХЫ МЕН АТА-ТЕК ШЕЖІРЕСІ

Сымаил керей тарихы 52

Сымаилдан тараған негізгі рулар 55

АҚСАРЫ

Ақымбет 56

Нұрымбет 58

Тоқымбет 62

Бәйет 63

Қожахмет Хазірет 65

Нұралы 68

Біржан Сал елінің шежіресі 69

Еменәлі 71

Тезекей 73

ЕСЕНӘЛІ: 77

Құдайқұл 78

Құдас 96

Жабай (батыр жөбек) 104

Есенәлі – «Мәшһүр Жүсіптің нұсқасы» 113

ЕСПОЛ:

Құрман 118

Бұрас 132

Сақал 145

Омбы облысы, Мәскеленке ауданы,
Сақал ауылының тұрғындары (1933-1978) 199

САРЫ:

Толке керей 238

12 ауыл малай 245

Тоғыз ауыл Бақтыбай 274

Дуадақ 289

Төбет 293

Сымаил Керейдің шежірегі түскен негізгі рулары мен адам саны 319
Меккеге қажылыққа барғандар 320
Күрсары елінің болыстары мен билері 328
Сымаил Керей батырларының ата-тек шежіресі 333
Есімдері елгі әйгілі Сымаил керей ұрпақтары 334
Біржан сал Тұрлыбайұлы 334
Манаш Қабышұлы Қозыбаев 335
Тұрлыбек Көшенов 337
Паң Нұрмағабет Сағынайұлы 339
Ермек Серкебаев 338
Қанапия Телжанов 339
Тоғжанов Ғаббас Сәдуақасұлы 342
Сымағұл Сәдуақасов 343
Жұмабай Шаяхметов 345

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ. БІЛУ КЕРЕК.

Қазақтың әдет-ғұрып, жөн-жосықтары:
Салт-дәстүрді сақтау хақында 352
Отбасындағы жөн-жоралғы 355
Табиғат және тазалық туралы 360
Жақсы сөз – жарым ырыс 362

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫНАН:
Әрқашан да 365
Дін жолындағы қағидалар 366
Ұлағатты ұлттық ұғымдар 369
Жыл қайыру 370
Халық айтса, қалт айтпайды 371
Сөз тапқанға дауа жоқ 373
Ой салар 376
Біз қалай туысамыз? 380


Адамның өз жұрты 381
Нағашы жұрты 383
Ер адамның қайын жұрты 384
Әйел адамның қайын жұрты 385
Қазақтың қара өлеңдері 387

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ЖАҚЫН ТУЫСТАР

Өз жұртым – Сақал-Күрсары керей 391
Нағашы жұртым – Жауар Қарауыл 400
Қайын жұртым – Абырай-Уақ 405
Отбасым 409
Өзім жайлы 410

Қолданған тарихи әдебиеттер мен шежіре мағлұматтар 412
МАЗМҰНЫ 414



R.O
ЦЕНА
500т